

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының

2018 ЖЫЛҒЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



2 бөлім

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ

Жарияланымда Зияткерлік мектептер оқушыларының иллюстрациялары қолданылған

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының**

2018 жылғы ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2-бөлім

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ



«...Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.
Назарбаевтың Қазақстан
халқына 2018 жылдың 5 қазанындағы
«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі:
табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауынан*

«...Еліміз ел алдына әлеуметтік жаңғырту жолында рухани өркендеу сияқты жаңа ауқымды міндеттер қояды. Дәл сол себепті барлық деңгейлерде білім берудің жаңа стандарттары «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының қағидаттарына негізделеді.

*Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар:
қоғамдық сананы жаңғырту» «Рухани жаңғыру»
атты Бағдарламалық мақаласынан
(2017 жылдың 12 сәуірі)*



МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	6
КІРІСПЕ.....	8
1-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ӨЗІРЛЕУ	11
2-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ.....	17
2.1. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР.....	18
2.2. «ЖҮЙЕЛІ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН» ПОРТАЛЫ	18
2.3. КІТАПХАНАЛАР.....	19
2.4. БАСЫЛЫМДАР.....	20
3-ТАРАУ. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ	25
3.1. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.....	26
3.2. ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖӘНЕ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР.....	28
3.3. РОБОТ ТЕХНИКАСЫ.....	29
4-ТАРАУ. ҚР ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ ДАМУ	33
4.1. ЕЛІМІЗДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ.....	34
4.2. ТРЕНЕРЛЕР ҚҰРАМЫН ДАМУ.....	35
4.3. ҚР ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ.....	36
4.4. КУРСТЫҚ ОҚЫТУ САПАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ.....	39
4.5. ПЕДАГОГ МАМАНДАРҒА КУРСАН КЕЙІН ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ.....	40
4.6. ПЕДАГОГ МАМАНДАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ.....	41
5-ТАРАУ. ДББҮ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ БОЙЫНША ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	45
5.1. 30 ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ.....	46
5.2. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР – ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТАР.....	49
5.3. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҰЙЫМДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ.....	51
5.4. ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ.....	53
6-ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	55
ҚОРЫТЫНДЫ.....	64
САРАПШЫНЫҢ ПІКІРІ.....	65

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ДББҰ	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
ЖОО	Жоғарғы оқу орны
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
АТО	Ақпараттық талдау орталығы
ЖАО	Жергілікті атқарушы орган
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР ҚМ	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
ШЖМ	Шағын жинақты мектеп
Ы. Алтынсарин ҰБА	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Өрлеу» БАҰО	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы
ҰТО	Ұлттық тестілеу орталығы
ҰҚУ ҚР	Тұңғыш Президенті - Елбасы атындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ұлттық қорғаныс университеті
ББ	Білім беру бөлімі
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФММ КЕАҚ	Алматы және Астана қалаларындағы «Республикалық Физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ҮОЖ	Үлгілік оқу жоспары
БББ	Білім беру басқармасы
БББО	Білім беру бағдарламалары орталығы
ПӨО	Педагогикалық өлшеулер орталығы
ПШО	Педагогикалық шеберлік орталығы
«Жас ұлан» РМ	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің С.К. Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» Республикалық мектебі



КІРІСПЕ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы жаңартылған білім беру мазмұны мен педагог мамандарды алдын ала дайындау арқылы еліміздің орта білім беру жүйесіне Зияткерлік мектептердің тәжірибесін жоспарлы тарату жұмыстарын жүзеге асыруда.

Инновациялар мен білім берудің жаңа моделін озық тәжірибе арқылы енгізу – еліміздің барлық буындары мен құрылымдарына әсерін тигізетін жүйелі әрі кең ауқымды үдеріс.

Бағдарламаларды 30 пилоттық және 16 бақылау мектептерінің бастауыш сыныптарында апробациядан өткізу жаңартылған білім беру мазмұнын жалпы білім беретін мектептерде енгізудің негізі болып табылады. 3-сынып оқушыларының жаңартылған бағдарламаларды апробациялаудың ең басты нәтижесі (2018 жылғы 4-ші диагностикалық есептің қорытындылары бойынша) – қабілеті ең жоғары және ең төмен оқушылар, ауыл және қала оқушылары, сонымен қатар әртүрлі мектептер оқушыларының білімі арасындағы алшақтықтың азаюы.

Бүгінгі күні жаңа стандарт еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 1-3, 5-8-сыныптарында енгізілген.

2018 жылы өткен бірталай кездесулер мен пікір алмасулар көптеген педагог мамандар, ата-аналар және жергілікті қауымның ой-пікірінің өзгеруіне себептесті: мемлекет жаңартылған білім беру мазмұнын қабылдап, қолдады.

Қазақстан Республикасының Президенті¹ Назарбаев Зияткерлік мектептерін еліміздің барлық аймақтарындағы **жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу және мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша әдістемелік орталықтар** (бұдан әрі – Әдістемелік орталықтар) ретінде белгілеуді тапсырды.

Қазақстан Республикасындағы орта білім беруді ауқымды жаңғырту барысында ақпараттық ресурстар педагог мамандардың кәсіби даму жолында маңызды рөл атқарады.

«Жүйелі-әдістемелік кешен» (бұдан әрі – ЖЭК) өзекті ақпараттық ресурстардың бірі болып табылады. Осы порталда қазақ және орыс тілдерінде 30-дан астам пән бойынша 1-3, 5-8-сыныптарға арналған еркін пайдалануға болатын оқу материалдары 2018 жылдың аяғына дейін орналастырылды. «Әр сабақты жоспарлау», «Сыни бағалау», «Жүйелі-әдістемелік кешен» және т.б. бөлімдер бойынша 102 010-нан астам материал жүктелді. 248 259 пайдаланушы тіркеліп, 25 895 411 материал жүктеп алынды.

2018 жылғы тәжірибені тарату жұмыстарының ең басты нәтижесі: еліміздің жалпы білім

беретін мектептерінің 1-3, 5-8-сыныптарында жаңартылған білім беру мазмұнын енгізілді;

- еліміздің 17 өңірінде Зияткерлік мектептердің Білім беру мазмұнын жаңарту және педагог мамандардың біліктілігін арттыру бойынша 20 әдістемелік орталығы құрылды; Әдістемелік орталықтың жұмысы туралы ақпараттандыру мақсатында <https://www.cpm.kz> сайтында жаңа парақша ашылды.

- аймақтарда еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 23 000-нан астам мұғалімі үшін ҚР БҒМ Республикалық тамыз конференциясының секциялық отырыстары ұйымдастырылып, өткізілді. Отырыстар барысында бастауыш және негізгі мектептерде білім беру мазмұнын жаңартылған бағдарламалар бойынша оқыту ерекшеліктері қарастырылды (3, 5-8-сыныптарда);

- 2018 жылдың желтоқсан айында ПШО (ACQUIN аккредитация, сертификация және сапаны қамтамасыз ету институтында, Германия) Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру бойынша 4 бағдарламаның сөзсіз халықаралық сертификатталуының растамасын алды:

1. Тиімді оқыту;
2. Мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы;
3. Мұғалімнің педагогтер қауымдастығындағы көшбасшылығы;
4. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары басшыларының бағдарламасы.

Ақпарат үшін. Халықаралық тәжірибеде сертификаттау аккредитация үдерісіне баламалы, бірақ біліктілік деңгейі берілмейтін бағдарламаларға қолданылады. Халықаралық сертификаттауды өткізу, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының халықаралық стандарттар мен сапа критерийлеріне сәйкестігін танудың өзі – Қазақстанда педагог мамандарды кәсіби дамыту жүйесінде алғаш рет өткізіліп отырған үдерістер. Біліктілікті арттыру бағдарламаларын бағалау стандарттары сапаны қамтамасыз ету саясатын әзірлеу және ұстану, бағдарламаларды әзірлеу және бекітудің ашық әрі стандартталған рәсімдері, оқушыға бағытталған оқытуды жүзеге асыру, оқыту және бағалау, тренерлер құрамының жоғары сапасы, ресурстармен қамтамасыз ету және тренерлердің үздіксіз кәсіби дамуы, ақпаратты басқару, бағдарламаларға мониторинг жүргізу және оларды жүйелі түрде жақсартып тұруды қамтиды. Бағдарламалар әрбір стандартқа толық сәйкестігін растады. Халықаралық сарапшылар есепте бағдарламаның мазмұнын мен құрылымы тек Қазақстан үшін емес, сондай-ақ бүкіл Орта Азия үшін бірегей екенін, ал мұғалімдер мен басшыларды осы бағдарламалар бойынша оқыту мектеп бейнесі мен бүкіл білім беру жүйесін өзгертуге үлес

¹ 27 мая 2017 год, на заседании Высшего Попечительского Совета АО «Назарбаев Университет, Назарбаев Интеллектуальные школы, Назарбаев Фонд», 27 мая 2017 года

қосатынын көрсетті.

ДБҰ тәжірибесін тарату халықаралық білім беру кеңістігіне шықты. 2018 жылдың өзінде ғана ДБҰ қызметкерлері Ресей (Мәскеу) мен Түрікменстанда тәжірибесімен бөлісті. 2018 жылдың сәуір айында Кембридж Университетінің Білім беру факультетінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Күндері өтті.

Осылайша, осы есепте тәжірибені тарату жұмысы бойынша материалдар беріліп, оларды шешуге бағытталған мәселелер көрсетілген (Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату шеңберінде):

- педагог мамандарға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету;
- өңірлердегі педагог мамандардың әлеуетін арттыру мақсатында жетекші мектептер желісін дамыту;
- мектеп ұжымдарының жұмысы одан әрі жемісті болуы үшін ШЖМ-ға қолдау көрсету;
- педагогтердің біліктілігін арттыру бағыттарын анықтау.





Кызылорда қаласы ХББ
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Жанаева Айдана, 17 жас
«Әке мен бала»



1-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ӘЗІРЛЕУ

Қазіргі заманда әлемнің көптеген елдері білім беруді дамыту барысында бірінші орынға жалпы сауаттылықты емес, функционалдық білімділікті қояды. Жеке пәндер бойынша білімнің санын арттыру емес, оны тиісті жағдайда тиімді пайдаланып, өз бетімен толықтыра білу маңызды. Демек, білімді жай ғана жеткізу арқылы оқытудан интерактивті және бағдарлы оқытуға, оқушының өз бетімен ізденіп білім алуына көшу керек.

Жаңартылған орта білім беру мазмұны, оқыту әдістері мен оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілдемелері терең академиялық білімді қалыптастырумен қатар оқушыларға ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған:

- 1) білімді функционалды және шығармашыл пайдалану;
- 2) сыни тұрғыдан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- 5) әртүрлі коммуникация түрлерін қолдану;
- 6) топта және өз бетімен жұмыс жасай білу.

Білім беру мен пән салалары бойынша білім берудің ұзақ және қысқа мерзімді көп деңгейлі мақсаттар (күтілетін нәтижелер) жүйесі логикалық байланыс, толымдылық және сабақтастық қағидаттарына сүйеніп жасалған. Ол орта білім берудің барлық деңгейлеріне арналған ортақ мақсаттар мен құндылықтарға бағынады. Күтілетін нәтижелерді Б. Блумның педагогикалық мақсаттар таксономиясы мен біледі, түсінеді, қолданады, талдайды, синтездейді, бағалайды деңгейлері бойынша жіктеу және жүйелендіру дүниетанудың

зерттеушілік, танымдық, практикалық және эмоциялық-эстетикалық әдістерінің бірлігін қамтамасыз етеді.

Пәндердің мақсаттары мен міндеттері белгіленген оқу бағдарламалары, оқытудан күтілетін нәтижелер, білім беру мазмұнының құрамы мен құрылымы, оқу жүктелімінің көлемі, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәсілдемелері стандарттар негізінде әзірленген. Күтілетін нәтижелер сыныптан сыныпқа, білім берудің бір деңгейінен екінші деңгейіне дейін білімді қалыптастыру мен дағдыларды дамытудың нақты сабақтастығын ұстанатын оқу мақсаттарының жүйесі болып табылады.

Оқу бағдарламалары мен орташа мерзімді жоспарларды әзірлеу ҚР Білім және ғылым министрлігімен (бұдан әрі – ҚР БҒМ) бекітілген жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

«Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын апробациялау туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ-ның 2014 жылғы 4 қарашадағы № 452 бұйрығына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу кестесіне сәйкес оқу бағдарламалары мен орташа мерзімді жоспарлар 30 пилоттық мектепте кезең-кезеңмен апробациялануда. Апробациялау нәтижелері бойынша бастауыш мектептің оқу бағдарламаларына жыл сайын қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізіліп тұрады.

1-3-сыныптардың оқу бағдарламаларын апробациялау және пәндердің оқу бағдарламаларының МЖМБС жобаларын қоғаммен талқылау нәтижелері бойынша 2014 жылдан бері 50 оқу бағдарламасы мен 37 орташа мерзімді жоспардың мазмұны қайта қаралды.

Диаграмма. Әзірленген және қайта қаралған құжаттар саны



Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу кестесіне сәйкес 2018 жылы келесі жұмыстар аяқталды:

- 9, 11-сыныптарға арналған орташа мерзімді жоспарларды әзірлеу;
- негізгі мектептің «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен 2 өтпелі оқу бағдарламасын әзірлеу;
- 3-сыныпқа арналған орташа мерзімді жоспарларды қайта қарау (30 пилоттық мектептегі апробациялау нәтижелері бойынша).

Осылайша, есептік жылда еліміздің жетекші педагогикалық жоғарғы оқу орындары ғалымдарының, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА және жалпы білім беретін мектептер мамандарының қатысуымен 79 семинар (семинарлар барысында 99 құжат әзірленіп, қайта қаралды) өткізілді.

ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ АЯСЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ

Зияткерлік мектептердің бағалау жүйесіндегі тәжірибесі бүкіл еліміз бойынша таратылуда, бұл оның өміршеңдігін және перспективалық даму деңгейінің мүмкіндіктерін анықтауға болады.

2018 жылы критериалды бағалау жүйесі 30 пилоттық мектептің 4-сыныптарында апробацияланып, жаңартылған білім беру мазмұнына көшу кестесіне сәйкес жалпы білім беретін мектептердің 1-3, 5-8-сыныптарына енгізілді.

Пилоттық және жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне критериалды бағалау жүйесін енгізуде әдістемелік қолдау көрсету мақсатында келесі материалдар әзірленіп, ҚР БЖҒМ-не жіберілді:

- 1-3, 5-8-сыныптардың пәндері бойынша қалыптастырушы бағалауға арналған 169 тапсырмалар жинағы;
- пилоттық мектептердің 4-сыныптарының пәндері бойынша қалыптастырушы бағалауға арналған 21 тапсырмалар жинағы;
- 1-3, 5-8-сыныптардың пәндері бойынша жиынтық бағалауға арналған 123 әдістемелік ұсыныстар;
- пилоттық мектептердің 4-сыныптарының пәндері бойынша жиынтық бағалауға арналған 15 әдістемелік ұсыныстар;
- 5-8-сыныптардың пәндері бойынша жиынтық бағалаудың 84 спецификациясы;
- критериалды бағалау бойынша 2 бейнеролик, кітапшалар, таныстырылым материалдары және т.б.

Сондай-ақ 9-10-сыныптар үшін қалыптастырушы бағалауға арналған 89 тапсырмалар жинағы, жиынтық бағалауға арналған 77

әдістемелік ұсыныс және тоқсандық жиынтық бағалауға арналған 77 спецификация әзірленді.

2018 жылы практик мұғалімдер, колледжер мен жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін **Knowledge Engineering** компаниясымен бірігіп, «Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі» онлайн-курсы әзірленіп, енгізілді. Есептік кезеңде онлайн-курсқа 12 000-нан астам тыңдаушы тіркеліп, оқытудан өтті.



academia.kz
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ

СЕРТИФИКАТ

Nazarbayev
Intellectual
Schools
NIS

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН
КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ
ЖҮЙЕСІ**

Онлайн-курсы

**knowledge
engineering**

“ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ” ОНЛАЙН-КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мұғалімдер мен мектеп үйлестірушілеріне критериалды бағалау бойынша 486 материал орналасқан ЖӘК арқылы да әдістемелік қолдау көрсетіліп, кеңес беріледі.

2018 жылы мектептерде критериалды бағалау жүйесін енгізуге сәйкес қолдау көрсету мақсатында 3 557 мұғалім, мектеп үйлестірушілері және тренерлер үшін 20-дан астам семинар, тренинг, вебинар, шеберлік сыныптары және біліктілікті арттыру курстары өткізілді.

Бағалау құралдарын әзірлеу және іріктеу дағдылары мұғалімнің қызметіндегі маңызды элемент болып табылады. Оқушыларды ынталандыру деңгейі, сондай-ақ жалпы педагогикалық өлшеулердің сапасы тапсырмалардың сапасына байланысты.

Осыған орай критериалды бағалау құралдарын жасау курсы әзірленіп, ПШО қызметкерлері мен жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің ішінен 320 тренер дайындықтан өтті, олар 2018 жылы 4 255 мұғалімге тапсырмалар әзірлеу дағдыларын үйретті.



Есептік кезеңде (ДББҰ мен білім беру ұйымдарының арасында бекітілген өзара ынтымақтастық меморандумдары шеңберінде) критериалды бағалау жүйесі бойынша семинарлар мен шеберлік сыныптары өткізілді, оларға:

- Батыс Қазақстан облысынан 150 мұғалім және 75 мектеп үйлестірушісі;
- Оңтүстік Қазақстан облысынан 700 мұғалім және 115 мектеп үйлестірушісі;
- Ақмола облысынан 455 мұғалім және 76 мектеп үйлестірушісі;
- Қостанай облысынан 634 мұғалім және 104 мектеп үйлестірушісі;
- Қарағанды облысынан 600 мұғалім;
- Республикалық физика-математика

мектебі, С.К. Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» Республикалық мектебі және Астана қаласының Қазақ ұлттық хореография академиясынан 97 мұғалім;

- Қызылорда облысынан 62 аймақтық және мектеп үйлестірушісі қатысты.



2019 жылға келесі іс-шаралар жоспарланды:

- жаңартылған білім беру мазмұнына көшу кестесіне сәйкес жалпы білім беретін мектептердің 4, 9, 10-сыныптарында критериалды бағалау жүйесін енгізу;

- 30 пилоттық мектеп пен 16 бақылау мектебінің 4-сыныптарында «жыл соңындағы» диагностикалық тестілеуді ұйымдастыру және өткізу;

- 2020-2021 оқу жылында енгізілетін жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныптарына арналған тапсырмалар мен спецификацияларды әзірлеу және сараптау;

- Ағылшын тілінде оқытуды енгізу аясында «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндерінен жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарына арналған тапсырмалар мен спецификацияларды әзірлеу және сараптау;

- Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің қатысуымен жалпы білім беретін мектептерге арналған жинақтар, әдістемелік ұсыныстар және спецификациялар әзірлеу бойынша семинарлар өткізу;

- мұғалімдер үшін критериалды бағалау жүйесі бойынша оқыту семинарларын, шеберлік сыныптарын өткізу, барып кеңес беру (Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен бекітілген ынтымақтастық меморандумдары шеңберінде).



Кызылорда қаласы ХББ
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Темірхан Әділет, 13 жас
«Махаббат – бүкіл әлем»





Өскемен қаласы ХББ
Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Советханова Аружан, 13 жас
«Су перісі»



2-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

ДББҰ Қазақстан Республикасында жаңартылған орта білім беру мазмұны бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында білім беру ресурстарын әзірлеумен айналысады. Әзірленген ресурстар мұғалімдерге мектептегі оқу үдерісінің сапасын арттыруға, оқытудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында цифрлық технологияларды, заманауи білім беру ресурстарын қолдануға септеседі.

2.1. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР (ОӘК)

2018 жылы келесі бағыттарда жұмыстар жасалды:

- 3-сыныпқа арналған оқу-әдістемелік кешендерді (бұдан әрі – ОӘК) әзірлеуді аяқтап, шығару;

- 4-сыныпқа арналған ОӘК-ті әзірлеу және апробациялау.

Бытыр «Математика», «Дүниетану», «Жаратылыстану» пәндерінен 3-сыныпқа арналған ОӘК-ті қазақ және орыс тілдерінде әзірлеу аяқталды. Сандық білім беру ресурстарының болуы және AR (Augmented Reality) технологиясы арқылы «шынайылықпен» толықтырылуы ОӘК-тің басты ерекшелігі болды. Компьютерлік құрылғылардың (планшеттер, смартфондар және басқа да инновациялық құрылғылар, сонымен қатар олардың бағдарламалық жасақтамаларының) көмегімен оқулықтардың қағаз нұсқалары (AR технологиясының арқасында) шынайы уақыт режимінде цифрлық контентпен толықтырылады.

ДББҰ 3-сынып үшін әзірлеген оқулықтарды онлайн-режимде <http://store.nis.edu.kz/> интернет-дүкенінің сайтынан табуға болады. Электрондық оқулықтарға жазылу оқулықтардың мазмұнымен қатар бастауыш мектептің «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану» пәндерінен сандық білім беру ресурстарын және тілдік пәндердің аудиоматериалдарын пайдалану мүмкіндігін береді.

3-сыныпқа арналған ОӘК (12 пән бойынша 18 оқулық – 96 атау) еліміздің 30 пилоттық мектебіндегі апробация нәтижелері бойынша жоғары бағаланып, ол туралы ҚР Білім және ғылым министрлігі жүргізетін педагог мамандар қауымдастығың желілік сайтында оң пікірлер жазылды. Жоғарыда аталған оқулықтар ҚР БҒМ «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы» РМҚК (бұдан әрі – «Оқулық» орталығы) өткізетін сараптаманың барлық кезеңдерінен өтті.

«Жаратылыстану» пәнінің қазақ тіліндегі оқулығы еліміздің жалпы білім беретін ұйымдарында пайдаланатын базалық оқулық ретінде ҚР БҒМ ұсынатын оқулықтар тізіміне кірді.



ҚР БҒМ ұсынатын тізімге кірмеген 3-сыныптарға арналған оқулықтар «Оқулық» орталығы сараптамасының нәтижелері мен Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің ұсынысына сәйкес жетілдірілді. Еліміздің педагог қауымы бұл оқулықтарды баламалы және/немесе қосымша оқу ресурстары ретінде қолданады.

4-сынып оқулықтарын Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының рұқсат қағазына сәйкес апробациялау үшін ҚР БҒМ (2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 01-1/880 шығыс хаты) және БББО 4-сыныпқа арналған оқулық пен ОӘК-тің таралымын көбейтіп, 18 965 нұсқасын еліміздің 30 пилоттық мектебіне жеткізу жұмысын ұйымдастырды. ОӘК мектептерге толық көлемде және уақтылы жеткізілді.

4-сынып үшін әзірленген оқулықтар («Математика», «Дүниетану», «Жаратылыстану» пәндерінен қазақ және орыс тілдеріндегі 6 ОӘК – 36 атау) 2018 жылдың шілде айында «Оқулық» орталығында бастапқы сараптамадан өтіп, 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап еліміздің 30 пилоттық мектебіне апробацияға жіберілді.

2018 жылдың ішінде «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Русский язык», «Русская литература», «Русский язык и литература» тілдік пәндерінен 5, 7-сыныптарға арналған оқулықтар және «Қазақстан тарихы» пәнінен 7-сыныпқа арналған қазақ және орыс тілдеріндегі оқулықтар жетілдірілді.

ОӘК әзірлеу жобаларын жүзеге асыру барысында 297 автор, 83 редактор, 41 ғылыми кеңесші, 40 дизайнер-беттеуші оқытудан өтті. Сонымен қатар ДББҰ қызметкерлері оқулықтарда пайдалану мақсатында 3 200-ден астам иллюстрация салды. Авторлық құқықты сақтау мақсатында 459 иллюстрацияны алу үшін 73 шарт бекітілді.

2.2. «ЖҮЙЕЛІ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН» ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАСЫ

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында ЖӘК тиімді қызмет атқарып келеді (<http://smk.edu.kz/>).

2018 жылы ЖӘК платформасына жүктелетін материалдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында 3, 6, 8-сыныптардың 43 312 сабағы модерацияланды. Материалдарды модерациялау барысында контенттің:

- оқу бағдарламасына;
- оқушылардың жас ерекшелігіне;
- қазақстандық контекстке;
- стилистикаға және орфографияға;
- ҚР-дың қолданыстағы заңдарына және оқушылардың қауіпсіздігіне;
- ресурс әкімшісі нәсихаттайтын сайт саясаты мен корпоративтік мәдениетке сәйкестігі тексерілді.

Талдау нәтижелері бойынша 2017 жылы 5, 7-сыныптарда жаңартылған бағдарламаларды енгізу барысында жиі қойылатын сұрақтар санының азаюымен қатар, олардың мазмұны да өзгерді. Енді педагог мамандарды көбінесе сабақты тиімді жоспарлау әдістері, белсенді оқыту әдістері мен стратегиялары қызықтыра бастады. Бұл еліміздің педагог қауымының жұмыста жаңа форматтағы оқу бағдарламаларын қолдану, сабақты құрылымдаумен оқытудың интерактивті және белсенді әдістері мен тәсілдерін меңгеру және т.б. сияқты білім беру жүйесіндегі инновацияларды ұғынып, қабылдағанын білдіреді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында ЖӘК мұғалімдерге ақпараттық қоғамға ауысуға себептесетін онлайн-платформаға айналады деп күтілуде. Кейін портал жаңартылған бағдарламалар материалдарымен қатар вебинарлар, онлайн-семинарлар, конференциялар және т.б. өткізілетін озық педагогикалық тәжірибемен алмасатын бірыңғай алаңға айналады.

2018 жылы «Информатика», «Физика», «Химия» және «Биология» (болашақта мектептердің дайындығына қарай ағылшын тілінде оқытылатын) пәндерінің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында оқу ресурстарының медиатекасы құрылып, толықтырылып тұрады, оларға:

- оқу бағдарламалары;
- сабақ жоспарлары;
- кітаптар, оқулықтар, энциклопедиялар, анықтамалықтар;
- әдістемелік құралдар, мақалалар;
- бейнематериалдар;
- виртуалды зертханалар;
- бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- білім беру сайттарына сілтемелер;
- глоссарилер мен сөздіктер кіреді.

10-11-сыныптарға арналған ағылшын тіліндегі виртуалды зертханалар ең күрделі ғылыми құбылыстар мен заңдылықтарды шынайы өмірдегі мысалдарда көрнекі әрі оңай түсіндіруге көмектеседі.

ЖӘК-ді толықтыру кестесіне сәйкес 2019 жылы 1, 2, 5, 7 және 4, 9, 10-сыныптар бойынша әзірленген материалдар модерациядан өтеді.

2.3 КІТАПХАНАЛАР

Зияткерлік мектептердің педагог-кітапханашылары IFLA, IASL конференцияларына қатыса отырып, сонымен бірге Future Ready Librarians кәсіби оқыту сайттарынан материалдар қарастырып, үздіксіз кәсіби тұрғысынан даму арқылы оқушылармен бірлескен белсенді және интерактивті жұмыс жасау әдістерін меңгеруде.

Педагог-кітапханашылар Зияткерлік мектептердің кітапхана саласындағы тәжірибелерді еліміздің жалпы білім беретін мектептердің директорлары, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, мұғалімдер, кітапханашыларға оқыту семинарларын, тәжірибе тарату семинарларын ұйымдастыру арқылы сәтті енгізілуіне ықпал етуде.

«Зияткерлік мектеп кітапханаларының оқу мен сауаттылықты насихаттау бағытындағы ауқымды жобаларын ұйымдастыру» тақырыбындағы семинар бағдарламасында «Book Start», «Тосын сый», «READx», «100 кітап», «1,2,3», «Әлемдік кафе» әдістері мен жобаларын меңгеру, интеллект-карталар құруға бағытталған практикалық жұмыстар болды.

«Меморо» жобасын ұйымдастыруда алдынала қонақты шақыру арқылы сұхбат алу жүзеге асырылады.



Педагог-кітапханашылар әріптестеріне кітаптар фестиваліне қажетті заттар дайындау, өлеңдерді мәнерлеп оқу арқылы оқырмандармен коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларымен бөлісті. «Шеңберде оқу» әдісінде суретті кітаптарды пайдалану арқылы талқылау жүргізіліп, топ арасында кітаптар оқылды.

Жалпы білім беретін мектептердің кітапханашылары Зияткерлік мектептердегі семинарлардан алған білімдерін өз кітапханаларының жұмысына сәтті енгізуде. Мысалы, Ақтөбе облысының, Қобда ауданындағы мектептер «Bookcrossing» жобасын енгізіп, жаңа кітаптарды жарнамалаудың буктрейлер әдісін қолданса, сонымен қатар кітапханашылар тәжірибе тарату семинарларынан алған әдістерді өз жұмыстарына енгізіп, іс-шараларды кітапхананың Facebook парақшасында жариялауда. Қызылорда облысының мектептері (Жалағаш ауылындағы №3, №201 мектеп-лицейлері, №172, №176, №233 орта мектептері) жұмыстарында «Fantazy Card», «Book Picture» жаттығуларын, «READx», «Book Tasting» жобаларын, «Тойымды кітаптар» фестивалін, «Book Bingo», «Кітапты тап», «Венн диаграммасы» жобаларын және т.б. қолданады.

Астана қаласының мектептері (Астана қаласындағы РФММ, Қазақ ұлттық хореография академиясы, С.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» Республикалық мектебі және т.б.) «Keyword Hexagon», «Әдеби джем», оқу клубтары, кітап оқудың ойын түріндегі әдістері, академиялық адалдық пен плагиат туралы ақпарат, «Көлеңкелі поэзия» секілді әдістер мен акцияларды өз жұмыстарына енгізуде.

Шығыс Қазақстан облысының мектептері (Зырян қаласындағы №7 орта мектеп, Глубокий ауданындағы О.Бөкей атындағы орта мектеп, №17 орта мектеп, Өскемен қаласындағы №34 орта мектеп, Ақсуат жалпы орта білім беретін мектебі, Предгорненск №1 орта мектебі, Казнаков орта мектебі) жұмыстарында «Reading Map», «Book Bingo», «Әдеби джем» белсенді әдістерін қолдануда, сонымен бірге «3D-кітаптар», «Book Puzzle» әдістері де сәтті енгізілуде.

2012 жылы басталған «Bookcrossing» желілік әлеуметтік акциясы Зияткерлік мектептер кітапханаларының тәжірибесін таратудың бір түрі. «Bookcrossing» – Зияткерлік мектептердің ауылдық мектептердің кітапханаларына кітаптар саяхаты. Зияткерлік мектеп оқушылары, мұғалімдері, қызметкерлері өздері оқыған көркем, ғылыми-танымдық әдебиеттер, энциклопедиялар, оқу құралдары және сөздіктерді өз құрбыларына сыйға тартады. Бұл екі жақты мектептердің әріптестіктерін нығайтады.

Зияткерлік мектептердің педагог-кітапханашылары жалпы білім беру мектептерінің қызметкерлеріне тәжірибе тарату жұмысын жалғастыруда. Тәжірибе тарату аясында Facebook әлеуметтік желісінде әрбір облыстың жалпы білім беру мектептерінің кітапханашыларына арналған қауымдастық парақшалары ашылды.

Facebook әлеуметтік желідегі парақшаларда кітапханашылар Зияткерлік мектептердің педагог-кітапханашыларының бастамасымен өткізілетін іс-шаралар, жаңа әдістермен бөліседі.

2018 жылы Зияткерлік мектептердің педагог-кітапханашылары 2 670 маманға 71 оқыту семинарын өткізді, атап айтсақ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу мәдениетін дамытудың белсенді формалары», «Педагогикалық процестегі барлық қатысушылардың ақпараттық құзіреттілігін дамытудағы мектеп кітапханасының ресурстары», «Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасын ұйымдастыру».

2.4. БАСЫЛЫМДАР МЕН ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Облыстық білім беру басқармалары, жоғарғы оқу орындары және басқа да білім беру ұйымдарымен бекітілген меморандумдар шеңберінде ДББҰ педагог мамандарды Зияткерлік мектептердің мұғалімдерімен, ПШО қызметкерлері мен тренерлерімен әзірленіп, шығарылған баспа әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету арқылы тәжірибені тарату жұмысын жүргізуде.

Жалпы білім беретін және пилоттық мектептердің мұғалімдері, Әдістемелік орталықтар, өңірлер мен қалалардағы білім беру бөлімдері, басқа да білім беру ұйымдарының педагог мамандары, оның ішінде Алматы және Астана қаласындағы Республикалық физика-математикалық мектебі, «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КЕАҚ-тың педагог мамандары әдістемелік басылымдар мен ПШО ресурстарымен қамтамасыз етіледі.

Осылайша, ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету үш бағытта жүзеге асырылады:

1. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналын шығару («Педагогический диалог», «Pedagogical dialogue»).

2. Мектепте оқыту мен сабақ берудің жаңартылған тәжірибесі мәселелеріне қатысты әдістемелік әдебиетті басып шығару.


3. Білім беру порталы (www.cpm.kz) арқылы оқытудың жаңа стратегиялары мен тиімді тәжірибесін орналастыру.

1. «Педагогикалық диалог» журналы

«Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады. 2012 және 2018 жылдар аралығында педагог мамандар үшін таралымы 52 000 дана журналдың 26 саны шығарылды. Журнал пилоттық мектептердің мұғалімдеріне, Әдістемелік


орталықтарға, аймақтар мен қалалардағы білім беру бөлімдеріне, Алматы қаласының Республикалық физика-математика мектебіне және оның Астана қаласындағы филиалына, Қазақ ұлттық хореография академиясына жүйелі түрде жеткізіліп тұрады.

2018 жылы мектепте білім беруді дамытудың өзекті мәселелеріне арналған журналдың 4 саны шығарылды: «Заманауи мектептің құндылықтары», «XXI ғасыр дағдылары: оларды мектепте қалай меңгеруге болады?», «Жаңа дәуір мектебі», «Мектепті басқару».

	№1 саны (23) «Заманауи мектептің құндылықтары» тақырыбына арналған. «Педагогикалық диалог» журналының осы саны заманауи мектептің құндылықтар жүйесіне арналған және жалпы адамгершілік қасиеттерді дамытуға қатысты өзекті мәселелерді қозғайды. Шығарылымда шетелдік сарапшылар, Зияткерлік мектептер мен Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері мұғалімдерінің мақалалары шығарылған.
	№2 саны (24) «XXI ғасыр дағдылары: оларды мектепте қалай меңгеруге болады?» тақырыбына арналған. XXI ғасыр дағдылары — дүниежүзілік педагогикалық қоғамдастықтың назарын аударатын ерекше бағыт. Журналдың мазмұнына Зияткерлік мектеп, ҚР жалпы білім беретін мектептері мұғалімдерінің, шетелдік сарапшылардың дағдылар мен біліктерді дамытуға бағытталған педагогикалық тәжірибе туралы мақалалары кірді.
	№3 саны (25) «Жаңа дәуір мектебі» тақырыбындағы X Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жұмысына арналған. Журналдың бұл саны орта білім беру болашағын ойлайтын Қазақстандық және шетелдік тұлғалардың білім беру саласындағы реформаларды талқылау алаңына айналды. Журналда білім беру құндылығы, оқушылардың әл-ауқаты, мектептегі білім беруді ұйымдастырудың жаңа тәсілдемелері туралы мақалалар жарыққа шыққан.
	№ 4 саны (26) «Мектепті басқару» тақырыбына арналған. Журналдың кезекті санына мектеп менеджменті мен көшбасшылығының отандық және шетелдік тәжірибесін көрсететін материалдар енді. Журналдың мазмұны заманауи мектепте педагогикалық үдерісті басқарудың ерекшелігін, стратегияларын және мектепті басқарудың тиімді тәжірибелерін толық көрсетеді.

2012 және 2018 жылдар аралығында журналға барлығы 394 автордың жұмысы шықты, оның ішінде: 109 – шетелдік практик-ғалымдар, халықаралық сарапшылар мен кеңесшілер, 96 – НЗМ мұғалімдері, 78 – ПШО қызметкерлері, 39 – жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері, 36

– ДБҰ өкілдері, 18 – ЖОО оқытушылары, 18 – басқа білім беру ұйымдарының өкілдері. Әртүрлі білім беру жүйесі өкілдерінің тәжірибесін тарату оның дамуының тұтастығы мен сабақтастығын көруге мүмкіндік береді.



Журналда Аустралия, Әзірбайжан, Армения, Ұлыбритания, Израиль, Индонезия, Испания, Канада, Қырғызстан, Малайзия, Нидерланд, Жаңа Зеландия, Португалия, Ресей, АҚШ, Финляндия, ОАР, Ямайка, Жапония сияқты елдердің мектепте оқыту тәжірибесі баяндалған.

2. Әдістемелік әдебиет

ПШО педагог мамандар үшін келесі бағыттарда әдістемелік әдебиет әзірлейді.

- мұғалімге көмек ретінде;
- басшыға көмек ретінде;
- мұғалімнің тәжірибесінен;
- халықаралық ынтымақтастық;
- сабақты зерттеу;
- орта білім беру мазмұнын жаңарту.

Бекітілген меморандумдарға сәйкес пилоттық мектептердің мұғалімдері, Әдістемелік орталықтар, аймақтар мен қалалардағы білім беру бөлімдері, Алматы қаласының Республикалық физика-математика мектебі және оның Астана қаласындағы филиалы,

Қазақ ұлттық хореография академиясының педагог мамандары ПШО-ның **әдістемелік құралдары мен ұсыныстарымен қамтамасыз етіледі.**

Осылайша, **2018 жылы жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу мәселелеріне қатысты әдістемелік басылымдардың 70 атауы шығарылды**, олардың ішінен 7 жинақта еліміздің 30 пилоттық мектеп мұғалімдерінің тәжірибесі ұсынылған.

Жинақтарда «Дүниежүзі тарихы», «Математика», «Русский язык», «Әдебиеттік оқу», «Ағылшын тілі», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Музыка» және «Дүниетану» пәндерінен қысқа мерзімді сабақ жоспарлары мен олардың әдістемелік сипаттамалары берілген.

Әдістемелік құралдар сабақты жоспарлаудың жаңа тәсілдерін енгізу жағдайында оқыту мен сабақ беру, мұғалімдердің зерттеу тәжірибесі, оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесі сияқты өзекті мәселелерге бағытталған.



Талдықорған қаласы ФМБ
Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Байтунова Лола
«Қыздың суреті»



3

3-ТАРАУ.
ҚОСЫМША
БІЛІМ БЕРУ

Павлодар қаласы ХББ
Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Қазыбаева Дильназ, 16 жас
«Тұман»

3.1. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

2018 жылы Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының тәжірибелерін тарату аясында, **15 050 педагогтардың қатысуымен 433 семинар** өткізілді: Атап айтсақ:

- «**Рухани жаңғыру**» бағдарламасы аясында жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
- «**Ақылды бейсенбі**» жобасын жүзеге асыру ерекшеліктері.
- «**Шаңырақ**» мектеп қауымдастығын құрудағы семинар-практикум.
- Үйірме жетекшілерінің шеберлік сыныптары арқылы үйірме жұмысын ұйымдастыру
- «**Туған елге тағзым**» өлкетанулық-зерттеу жобасын ұйымдастырудағы семинар-практикум
- «**Қоғамға қызмет ету**» әлеуметтік жобасы аясында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың семинар-практикумы
- «**Ата-ана жұмысымен танысу**», «**Ата-ана жұмысындағы 10 күн**» әлеуметтік тәжірибелері аясында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың семинар-практикумы
- «**Қазақтың 100 әні**», **100 күйдің тарихы**» жобаларын жүзеге асыру
- «Таратуға тұрарлық идеялар» форматында оқушының көпшілік алдында сөйлеу дағдысын қалыптастыру арқылы тіл байлықтарын дамыту, шешендік өнерін қалыптастыру және әлемді өзгертетін идеяларымен бөлісудің шеберлік класы.

Зияткерлік мектептердің әлеуметтік жобалары мен әлеуметтік тәжірибелеріне қатысқан оқушылар өз білімдері мен дағдыларымен бөлісіп, нәтижелерін көрсетеді.

Зияткерлік мектептер «Шаңырақ» оқушылардың өзі-өзі басқару ұйымының жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталып, өзін-өзі басқару үлгісін жалпы білім беретін мектептерде жүзеге асыру мүмкіндіктерімен бөлісті.

2018 жылы «Шаңырақ» мектеп қауымдастығы тақырыбында 7 933 педагог қызметкердің қатысуымен барлығы 147 семинар өткізілді.

«Туған жер» бағдарламасы аясында жалпы білім беретін, ауылдық және пилоттық мектептердің 1283 мұғалімі мен басшыларының қатысуымен 19 тәжірибе тарату семинары өткізілді.

«Қолдайық ауыл мектебін!» – республикалық акциясы

«Қолдайық ауыл мектебін!» республикалық акциясы аясында Зияткерлік мектептердің оқушылары мен мұғалімдері шалғайдағы және шағын ауылдық мектептерде мерекелер ұйымдастырды.



Акция аясында Зияткерлік мектептер ауылдық мектеп кітапханаларына Зияткерлік мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің жинақтаған **6 484** көркем және ғылым-танымдық әдебиеттер, оқушылар мен педагог мамандар өсірген **2 000** бөлме гүлі, ДББҰ Орталықтары (БББО, ПШО, ПӨО) әзірлеген мұғалімдерге арналған **1 000** әдістемелік құрал, Алматы қаласындағы НЗМ оқушылары жасаған 20 дана 3D-принтер, фетрден «Оқу. Іздену. Талаптану.» атауымен жасалған **20** жұмсақ стенд табыстады.

Акция демеушілері «Казцинк» ЖШС **300 спорттық доп сатып алуға** демеушілік көмек көрсетті (әрбір мектепке 15 доптан: 5 футбол добы, 5 волейбол добы, 5 баскетбол добы), сондай-ақ «Абырой» Ұлттық құндылықтарды дамыту жеке қоры және Б.Н. Жексенбай, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің кітапханасы, «Деловой мир Астана» баспасы ауылдық мектептерге **1 204** көркем әдебиетті табыстады.

Акция барысында ауылдық мектептерге Зияткерлік мектептер мен жетекші мектептердің мұғалімдері және ПШО тренерлерінен тұратын әдістемелік көмек беру топтары жіберілді. Әдістемелік көмек беру топтары барлық пәндерден **500-ден астам шеберлік сыныптар** мен критериалды бағалау жүйесіне қатысты оқыту семинарларын өткізді.

Әрбір мектепте балаларға арналған концерттер, көрмелер, тренингтер, спорт сайыстары, «Достар серті» мюзиклы, «Ақырғы аялдама» драма және театр үйірмесінің спектаклі өтті.





«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2018 жылдың маусым айында Жезқазған қаласында «Ұлы дала мұрагерлері» республикалық форумы өткізілді.

Екі күндік форум аясында **«Шеберлер қаласы»**, қайырымдылық науқаны, ғылыми жобалар мен робототехника көрмесі, **оқушылардың әлеуметтік жобаларын көрсету**, «Алға Қазақстан!» спорттық флешмобы, экологиялық велосипед жарысы және ұстаз ардагерлер мен ата-аналар қауымы үшін жаңартылған білім беру мазмұнына бағытталған шеберлік сыныптар өткізілді. Оқушылар Зияткерлік мектептердегі қосымша сабақтар мен үйірмелерден үйренген, жасаған суреттерін, киіз, ағаш, саз, шыныдан жасалған бұйымдарын қолданбалы өнер көрмесі арқылы ұйымдастырды. Жалпы білім беретін мектептердің оқушылары мен мұғалімдері робототехника, қыш шеберханасының жұмысы, киізбен жұмыс жасаудың шеберлік сыныптарына қатысты. Оқушылардың ғылыми жобалары мен инновациялық өнертапқыштар жәрмеңкесінде «Ақылды қала», «Жасанды инкубатор», «Болашақ энергия саябағы», «Тілдерді үйренудің инновациялық әдістері» жобалары таныстырылды. Қонақтар Зияткерлік мектептердің оқушыларының ғылыми жобалары мен биотехнология, физика және химиядан ғылыми тәжірибелерін ашық эксперимент алаңында тамашалады.

Екі күндік марафонға барлығы 3 000 оқушы, шамамен 1 000 педагог және 4 000-нан астам жергілікті тұрғын қатысты.

Оқушылар мен педагогтардың «Ұлы дала мұрагерлері» форумы

2018 жылдың 1 желтоқсанында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның 10-жылдығына орай, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен оқушылар мен педагогтардың «Ұлы дала мұрагерлері» форумы өтті.

Форумға 1600-ден астам адам, оның ішінде 1000-нан астам оқушылар, ата-аналар, Зияткерлік мектептердің мұғалімдері, дербес білім беру ұйымының қызметкерлері, Зияткерлік мектептердің 150-ден астам түлектері және 250 астам қонақ қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Форум қатысушыларына құттықтау сөзінде Форум қатысушыларын 10 жылдық мерейтоймен құттықтап, Зияткерлік мектептердің орта білім беру жүйесіндегі орнын ерекше атап өтті.

http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/uchastie-v-forume-uly-dala-muragerleri-posvyashchennom-prazdnovaniyu-10-letiya-aoo-nazarbaev-intellektualnye-shkoly

Мерейтойлық форум «Ұлы дала мұрагерлері» концертіне ұласты (толық ақпаратпен жылдық есептің 1-бөлімінде танысуға болады).

<https://youtu.be/19FjwKTqWxU>



3.2. ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖӘНЕ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР

Еліміздің білім беру ұйымдарының оқушылары үшін келесі бағыттарда жазғы мектеп пен элективті курстар ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылды.

1) 6 Зияткерлік мектепте еліміздің білім беру ұйымдарының әлеуметтік осал топтарына жататын отбасыларынан шыққан **202 оқушы** үшін «**Ағылшын тілі**» пәнінен ақысыз курстар өткізілді.


«**Ағылшын тілі**» курсы оқушылардың пәндік білімін жақсарту үшін «**Pioneer**» – жоғары мектеп оқушыларына ағылшын тілін A1 Beginner деңгейінен C1 Advanced деңгейіне дейін жеті деңгейде оқыту курсының бағдарламасы негізінде өткізілді.

Оқу барысында оқушылар сөйлеу әрекетінің дағдыларын іс жүзінде дамыту, қайталаудың

тұрақты бөлімдерін және грамматикадан анықтамалық бөлімдерді қолдана білу мүмкіндігіне ие болды.

2) Еліміздің білім беру ұйымдарының **418** оқушысы үшін 10 Зияткерлік мектепте жүргізілетін «**Робот техникасы**» (**STEM Robotics**) бағдарламасы бойынша өткізілетін курс STEM пәнаралық интеграциясына негізделген (ғылым, технология, инжиниринг, математика біртұтас құрама ретінде). Курстың мақсаты – оқушылардың негізгі білімі мен әртүрлі алгоритмдік құрылымдарды программалау, өз жұмыстарын құрастыру барысында жобалық жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Соның арқасында программалау үдерісін көрнекті әрі оңай түсінуге болады. **Lego** – кез келген күрделілік деңгейіндегі құрылымдарды жинаудың ең оңай түсіну әдісі. Қызықты тапсырмалар беру арқылы оқыту барысында оқушылар абстрактылы ойлау қабілетін дамытады, оның негізінде роботтардың инженерлік құрылымы, алгоритмдеу және есептеу тұрғысынан ойлау жатыр.

«**Дизайн тұрғысынан ойлау**» курсы (**Design Thinking**) АҚШ-тың Сан-Франциско қаласындағы Кремний алқабының оқу орталығының (Silicon Valley Innovation Center) мектептен тыс «Дизайн тұрғысынан ойлау» курсы негізінде ұйымдастырылған. Оқушылар көпшіліктің алдында баяндама жасау техникасын меңгеру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін және кәсіпкерлік дағдыларын дамыту мүмкіндігіне ие болды.



VIII Наурыз кездесулері

Қазақстан астанасының 20-жылдығында Астана бас жоспары ғылыми-зерттеу және жобалау институты, BI Group, Mabetex Group, National Geographic компанияларының қолдауымен «Астана – болашақтың қаласы: астананың сәулеті. 20 жыл» табырындағы жыл сайынғы «Наурыз кездесулері» өтті. Іс-шараға еліміздің барлық аймақтарының жалпы білім беретін мектептерінен 92 оқушы қатысты.

Наурыз кездесулерінің мақсаты – оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту, оларды жаратылыстану ғылымдары саласына тарту, білімдерін тереңдету.

Ашылу рәсімінде оқушыларға National Geographic арнасының «Астана – город будущего» фильмі көрсетілді, итальяндық сәулетші, «Sergio Ferrandi Bureau» ұйымының дизайнері Серджио Ферранди «Астана – Smart City» тақырыбына баяндама жасады.

Целиноград, Ақмола және Астана қалалары құрылысының бастаушылары болып табылатын қазақстандық жетекші сәулетшілер мен қала құрылысшылары астананың тарихы мен тұжырымдық сәулет идеялары туралы айтып берді:

Тоскин Василий Филлипович – Қазақ КСР еңбегі сңген сәулетшісі, Халықаралық сәулет академиясының профессоры, Целиноград пен Астана қалаларының сәулет ансамблінің авторы;

Джамбулатов Сағындық Смаилович – Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасының бас дизайнері, Қазақстанның ардақты сәулетшісі, Мәңгілік Ел, Әзірет Сұлтан мешіті және т.б. жобалардың авторы;

Құспанғалиев Болат Урайханович – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің Сәулет және құрылыс институтының директоры, Қазақстанның ардақты сәулетшісі;

Букебаев Саматбек Таженович – Қазақстанның ардақты сәулетшісі, «Бәйтерек» нысанының, «Астана Жұлдызы» стеласының және т.б. авторы.

Нарынов Сәкен Жомартович – сәулетші, футурист, өнертапқыш, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының профессоры, мүсіндер мен инсталляциялардың авторы, «Өнердегі математика» көрмесінің авторы.

3.3. РОБОТ ТЕХНИКАСЫ

Жаңартылған білім беру мазмұны енгізілгеннен кейін оқушылар арасында техникалық шығармашылыққа, атап айтқанда, ДБҰ әзірлеген «Робот техникасы» элективті курсына деген қызығушылық айтарлықтай арта түсті – оған жалпы білім беретін мектептердің информатика пәнінің 2 999 мұғалімі дайындалды.

2018 жылы еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 1 500 мұғалімі педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған «Программалау, робот техникасы және 3D-принтинг» бағдарламасы бойынша курстардан өтті.

Тәжірибені тарату және робот техникасы жүйелерін құру бойынша идеялармен алмасу шеңберінде ДБҰ жалпы білім беретін мектептер оқушыларының қатысуымен бірқатар іс-шаралар өткізуде.

Олимпиадалар

2014 жылдан бастап ДБҰ Әлемдік роботтар олимпиадасының (World Robot Olympiad – WRO) ережелеріне сәйкес Қазақстандағы робот техникасы бойынша олимпиадалардың ұлттық ұйымдастырушысы болып табылады. WRO дегеніміз – 10 жастан 21 жасқа дейінгі оқушыларға арналған жарыс. WRO – LEGO робот техникасының конструкторын пайдалану арқылы мынадай төрт түрлі категория бойынша өтетін жарыс: «Негізгі», «Шығармашылық», «Студенттік» және «Роботтар футболы». Негізгі категорияның тапсырмасы – белгілі бір тапсырма орындайтын роботты құрастырып, программалау, роботтың өлшемдері шектеулі (25x25x25 см). Шығармашылық категорияға қатысушылар берілген тақырыпқа жоба дайындайды. Негізгі және шығармашылық категорияларға арналған тапсырмалар жыл сайын өзгеріп, әдетте, қиындай түседі. Роботтар футболына қатысу үшін топ екі дербес жұмыс істейтін робот – шабуылшы мен қақпашыны дайындау керек. Олар инфрақызыл сәулелерімен жанатын арнайы доппен алаңда қарсыластың роботтарымен күреседі.

Жыл сайын ДБҰ (ДБҰ Басқармасының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Робот техникасы бойынша олимпиада өткізу ережесіне сәйкес – № 48 хаттама) олимпиаданың аймақтық және республикалық іріктеу кезеңдерін өткізеді. WRO халықаралық кезеңіне қатысу үшін олимпиаданың республикалық кезеңінің қорытындысы бойынша Қазақстанның робот техникасы құрама командасы құрылады.

2018 жылдың 28 сәуірінде Астана (ІВ), Алматы, Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Талдықорған, Тараз, Өскемен, Орал, Шымкент (ХББ), Ақтау қалаларындағы Зияткерлік мектептерде WRO-2018 аясында робот техникасы бойынша облыстық олимпиада өткізілді.

Облыстық кезең келесі номинациялар бойынша бір күн ішінде өтті: «Негізгі», «Шығармашылық», «Еркін» (Кегельринг, Роботтар сумосы, Траектория - сызық бойымен қозғалу) және «Роботтар футболы». Сайыстың бұл кезеңіне 8-ден 19 жасқа дейінгі 1560 оқушы қатысты:

- WRO санатына қатысушылардың саны – 730
- «Еркін» санатына қатысушылардың саны – 830
- НЗМ оқушыларының саны – 296
- жалпы білім беретін мектеп оқушыларының саны – 1 264

Облыстық олимпиада қорытындысы бойынша республикалық кезеңге 278 оқушы (139 команда) қатысуға рұқсат алды.



2018 жылы 20-21 маусымда Астана қаласының Халықаралық мектебінде **World Robot Olympiad** (бұдан әрі - Олимпиада) аясында робот техникасы бойынша республикалық олимпиада өтті.

Олимпиадаға еліміздің 16 облысынан 278 оқушы қатысты, оның ішінде 195 бала – Зияткерлік мектеп, 83 – **жалпы білім беретін мектеп** оқушылары.

Олимпиаданың нәтижелері: 24 команда 8 санат бойынша бірінші, екінші және үшінші орындарға ие болды, оларға бағалы сыйлықтар табысталды. Бұдан басқа, екі команда **«Ауыл мектептерін қолдау»**, **«Ең шығармашыл жоба»** номинацияларында жеңімпаз атанып, LEGO MINDSTORMS Education EV3 негізгі кешенді ұтып алды.



Олимпиаданың ресми демеушілері – «Ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингі» АҚ атынан «Зерде» акционерлік қоғамы, «IT стартаптардың «Astana Hub» Халықаралық технопаркі», «Lego Education» компаниясы, Acer, Lenovo, FESTO, «Базисный магазин» және «Қазинтерсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері.



2018 жылғы робот техникасы бойынша республикалық олимпиада номинацияларындағы жеңімпаздар тізімі

№	Номинация	Команда	Қатысушылар	Мектеп	Сыйлықтар
1	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-дан «Ауыл мектептерін қолдау»	RoboM	Перепечкин Марк Кожагулов Мақсат	Қарағанды облысы, Ағадыр ауылындағы М.Мәметов атындағы орта мектеп	LEGO MINDSTORMS education EV3 негізгі кешені – 1 дана
2	«Ең шығармашыл жоба»	Triangular	Жангулов Алдияр Насыров Сұлтан	НЗМ Астана	LEGO MINDSTORMS education EV3 негізгі кешені – 1 дана

WRO-2018 Дүниежүзілік робот техникасы олимпиадасының қорытынды кезеңі 2018 жылдың қараша айында Тайландта өтті. Жыл тақырыбы - **«Тамақтың маңызы» («Food matters»)**. ДББҰ Басқарма Төрайымының 18.10.2018 жылғы №185/ОД бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының робот техникасы командасы 14-19 қараша аралығында Чанг Май қаласында (Тайланд) өткен World Robot Olympiad-2018 Халықаралық робот техникасы олимпиадасына қатысты. Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектептің 5-сынып оқушылары Кокорина София және Клименко Артем негізгі кіші санат бойынша 104 команда ішінен 9-шы орынды иеленіп, әлемнің ондығына кірді.





4

4-ТАРАУ.
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КАДРЛЕРДІҢ КӘСІБИ
ДАМУЫ

Шымкент қаласы ХББ
Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Қазбекова Алтынай, 14 жас
«Түркістан»

2018 жылы жаңартылған білім беру мазмұнының енгізілуіне орай ДББҰ Қазақстан Республикасындағы мұғалімдерді кәсіби дамытып, біліктілігін арттыру жұмысын жалғастырды. ПШО мен оның филиалдарында төменде көрсетілген бағыттар бойынша 41 772 мұғалім (немесе республикамыздағы жалпы мұғалімдер санының 13,13% -ы (ҚР-да барлығы 318,120 мұғалім) оқытылды:

– жаңартылған орта білім беру мазмұны (бастауыш және негізгі мектеп пәндерінің мазмұны, критериалды бағалау жүйесі) - 34 920 адам;

– оқыту және оқу әдістері мен технологиялары – 2 748 адам;

– менеджмент және мектептегі көшбасшылық – 1 007 адам;

– педагогикалық кадрлерді оқытатын жоғары оқу орындары мен колледждердің профессор-оқытушы құрамын дайындау - 1 124 адам, оның ішінде жоғары оқу орындарынан - 572 адам, колледждерден - 552 адам;

– мамандандырылған пәндер мұғалімдерін ағылшын тіліне оқыту - 1 973 адам.

Кесте. 2018 жылы ПШО-да оқытылған мұғалімдер саны

№	Облыс	Барлығы, адам	Әдіс және технологиялар	Менеджмент және көшбасшылық	Мазмұнды жаңарту	ЖОО мен колледж ПОҚ-ы			Ағылшын тіліне оқыту		
						Барлығы	ЖОО	Колледждер	Барлығы	Ағылшын тілі мұғалімдер	Пән мұғалімдер
1	Ақмола	2218	132	107	1839	62	20	42	78	38	40
2	Ақтөбе	2308	137	68	1870	71	34	37	162	105	57
3	Алматы	4766	314	88	4016	79	31	48	269	161	108
4	Атырау	1460	105	18	1200	45	20	25	92	61	31
5	ШҚО	3147	204	108	2638	122	58	64	75		75
6	Жамбыл	2899	202	67	2426	70	37	33	134	71	63
7	БҚО	1872	115	55	1575	42	20	22	85	50	35
8	Қарағанды	2613	156	77	2204	62	20	42	114	62	52
9	Қостанай	1965	131	97	1588	91	42	49	58	21	37
10	Кызылорда	2516	165	22	2138	60	27	33	131	72	59
11	Маңғыстау	1336	104	70	1037	59	35	24	66	39	27
12	Павлодар	1709	131	12	1448	57	36	21	61	24	37
13	СҚО	1853	103	109	1540	42	22	20	59	23	36
14	Түркістан, оның ішінде Шымкент қаласы	7774	528	91	6632	69	39	30	454	268	186
15	Алматы қаласы	2270	159	13	1859	148	110	38	91	51	40
16	Астана қаласы	1066	62	5	910	45	21	24	44	24	20
Барлығы		41 772	2 748	1 007	34 920	1124	572	552	1 973	1070	903

4.1. ЕЛІМІЗДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

2011 жылдан бергі кезеңде ПШО-да төменде көрсетілген бағыттар бойынша 132 педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасы әзірленді:

- мектепте оқыту әдістемесі мен технологиясы бойынша – 20;
- ЖОО/колледжде оқыту әдістемесі мен технологиясы бойынша – 8;
- мектепті басқару және көшбасшылық бойынша – 5;
- мектепке дейінгі және орта білім мазмұнын жаңарту бойынша – 99.

2018 жылы педагог қызметкерлердің төменде көрсетілген санаттарына арналған 27 біліктілікті арттыру бағдарламасы әзірленді:

- 3-6 жас аралығындағы балаларды дамыту бойынша, мектепалды даярлық бойынша мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне арналған;

- облыстық білім басқармаларының, аудандық/қалалық білім бөлімдерінің әдістемелік кабинет (орталық) мамандарына арналған;

- жаңартылған білім мазмұны бойынша педагог кадрларды дайындайтын жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына арналған;

- бастауыш және негізгі мектептегі 12 пәні бойынша бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау бойынша жалпы білім беретін мектеп педагогтеріне арналған;

- білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде облыстық, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларының, аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің басшыларына арналған;

- білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті мен департаменттерінің мамандарына арналған;

- педагогтердің белсенді оқыту әдістері мен зерттеу дағдыларын дамыту бойынша жаратылыстану-математика пәндері мұғалімдеріне арналған (онлайн курс);

сонымен қатар:


- «Бағдарламалау, робот техникасы және 3D-принтинг» элективті курсының бағдарламасы.

Барлық білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген, қазақ және орыс тіліндегі нұсқалары ПШО білім беру порталында жүктелген.

4.2. ТРЕНЕРЛІК ҚҰРАМДЫ ДАЙЫНДАУ

2015 және 2018 жылдар аралығында біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыру мақсатында ПШО Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы бағдарламалар бойынша 2519 тренерлерді оқытты.

Диаграмма. Қазақстанның жаңартылған орта білім беру мазмұны бағдарламасы бойынша тренерлерді дайындау



2018 жылы тренерлерді оқытуда бас назар жаңа бағдарламаларға (бағдарламалар сол жылы іске асырыла бастады) жасалды: бағдарламалау және робот техникасынан тренерлер - 50 адам, бағалау тапсырмаларын әзірлеу және бағалау бойынша тренерлер - 320 адам.

ПШО әр облыста тренерлер ретінде ересек тыңдармандармен жұмыс жасай алатын, терең пәндік білімі бар, үздік көшбасшы-мұғалімдерді тартуды жалғастырды, бұл біліктілікті арттыру жүйесін мектепке жақындатуға, жаңартылған

білім беру мазмұнын енгізу барысында мұғалімдер арасында туындайтын кәсіби проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ПШО мектеп тренерлері мен үйлестірушілері пулын құру арқылы әр мектептің ішкі потенциалын өсіру жұмыстарын жалғастырды, аталған тренерлер мен үйлестірушілер **Мектептің әдіснамалық активі** болып табылады.

2018 жылы оқытылған тренерлердің саны 32 341-ге жетті, яғни елдегі әрбір 10 мұғалім.

ҚР-дағы мектептер, барлығы	Оқытылған мектеп тренерлері, барлығы	Оның ішінде			
		Критериалды бағалау жөніндегі мектеп үйлестірушілері	Оқу әдістері мен технологиялары жөніндегі мектеп тренерлері	Зерттеу жөніндегі мектеп тренерлері	Бағалау жөніндегі мектеп әзірлеушілері мен сарапшылары
7 014	32 341	9 043	17 517	1 526	4 255

2018 жылы мектеп тренерлері мен үйлестірушілерге **зерттеу жөніндегі мектеп тренерлері** («Сабақты зерттеу» және «Тәжірибені іс жүзінде зерттеу» тәсілдемелерін мектепке енгізу барысында мектептерде кәсіби даму мен кеңес көрсету мектепішілік курстарын жүзеге асыру мақсатында) мен **бағалау тапсырмаларын әзірлеу жөніндегі тренерлер** (10 пән бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуде мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында) қосылды.

Кесте. 2015-2018 жылдары Қазақстанда жаңартылған орта білім беру мазмұнын аясында оқытылған мұғалімдер саны (адамдар)

Жылдар	Оқытылған мұғалімдер, барлығы	ҚР-дағы жалпы мұғалімдер санынан үлесі (%)	Оқытылған мұғалімдер саны	
			ПШО	«Өрлеу» БАҰО АҚ
2015 ж.	2 727	0,86	2 727	-
2016 ж.	85 885	27,00	41 871	44 014
2017 ж.	91 079	28,63	38 086	52 993
2018 ж.	79 251	24,91	34 920	44 331
Барлығы	258 942	81,40	117 604	141 338

2018 жылы ПШО әзірлеген бағдарлама бойынша 79 251 мұғалім оқыды (елдегі мұғалімдердің жалпы санының 24,91%), оның ішінде ПШО-да және оның филиалдарында 34 920 адам, «Өрлеу» БАҰО АҚ-та 44331 адам.

4.3. ПЕДАГОГ КАДРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу аясында Қазақстан Республикасында үш жыл ішінде (2015 жылдан 2018 жылға дейін) бастауыш және негізгі мектеп пәндерінің **258,942 мұғалімі** оқытылды, бұл еліміздегі мұғалімдердің жалпы санының **81,40%-н** (318 120 адам) құрайды.

ДББҰ-да өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарды іске асыру шеңберінде 379 мектеп мұғалім үшін білім беру жүйесі, өнер, әскери іс және спорт саласына қатысты курстар өткізілді.

Кесте. 2018 жылы ПШО мен «Өрлеу» БАҰО АҚ-да Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқытылатын мұғалімдер саны

№	Оқу пәндері	Оқытыл- ған мұғалім- дер, барлығы	Оның ішінде		Оның ішінде			
					ПШО			«Өрлеу»
			ҚР мектеп- тері	Меморан- дум аясын- да	барлығы	ҚР мекте- тері	Меморан- дум аясында	ҚР мектеп- тері
1	бастауыш сыныптар	15 633	15 610	23	3 523	3 500	23	12 110
2	қазақ тілі	6 966	6 924	42	1 295	1 253	42	5 671
3	орыс тілі	6 124	6 096	28	1 524	1 496	28	4 600
4	ағылшын тілі	4 031	4 001	30	1 031	1 001	30	3 000
5	математика	6 690	6 624	66	2 266	2 200	66	4 424
6	информатика	3 291	3 264	27	1 827	1 800	27	1 464
7	физика	3 340	3 315	25	2 025	2 000	25	1 315
8	химия	2 551	2 537	14	1 714	1 700	14	837
9	биология	3 251	3 232	19	1 719	1 700	19	1 532
10	география	2 978	2 962	16	1 516	1 500	16	1 462
11	тарих	5 581	5 538	43	3 623	3 580	43	1 958
12	көркем еңбек	2 533	2 500	33	2 533	2 500	33	
13	граф. және жобалау	892	892					892
14	дене шынықтыру	5 066	5 066					5 066
Барлығы		68 927	68 561	366	24 596	24 230	366	44 331
Мамандандырылған курстардың пән мұғалімдері								
15	Бағалау тапсырмаларын әзірлеу	4 255	4 255		4 255	4 255		

16	Робот техникасы және 3D-басылым	1 500	1500		1 500	1 500	
Всего		5 755	5 755		5 755	5 755	
Өзге педагог қызметкерлер							
17	Тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасары	1 000	1 000		1 000	1 000	
18	Білім беру басқармасы, райондық/қалалық білім беру бөлімдерінің әдіскерлері	209	209		209	209	
19	Бағалау жөніндегі мектеп үйлестірушілері	1 834	1 821	13	1 834	1 821	13
20	Сабақты зерттеу жөніндегі мектеп тренерлері	1 526	1 526		1 526	1 526	
Барлығы		4 569	4 556	13	4 569	4 556	13
Барлығы		79 251	78 872	379	34 920	34 541	379 44 331

Жаңартылған білім беру мазмұны курстарында мұғалімдер оқу бағдарламалары мен пән бойынша оқу жоспарларының құрылымын, мазмұнын, критериялық бағалау жүйесін, пәндер бойынша жаңа оқулықтарды оқыды. Курстардың әр қатысушысы курстық бағдарламаға қатысты үлестірме материалды, критериялық бағалау бойынша нұсқаулықтарды алды (қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының жинақтары, жиынтық бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар және т.б.).

Сабақтарда топтық жұмыс барысында мұғалімдер тренерлермен бірге жаңартылған оқу бағдарламасының барлық жаңа тақырыптары бойынша сабақ жоспарларын әзірлейді, бұл келесідей мүмкіндіктер береді:

- курстың соңында әр қатысушының қолына дайын сабақ жоспарларының кешені түседі;
- мұғалімдер сабақты топ болып жоспарлауды үйренеді.

2018 жылы елімізде оқыту мен оқытудың әдістері мен технологиялары бойынша біліктілікті арттыру курстары жалғасуда, бұл курстардың бағдарламасы жалпы сипатқа ие: оқытудың белсенді әдістерін және тәсілдемелерін пайдалану, сыни ойлауды дамыту, сабақ жоспарлаған кезде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, АКТ-ны пайдалану. Бағдарлама деңгейлері өзгерістер ауқымымен және осы өзгерістердің тұсында мұғалімнің ролімен ерекшеленеді. Біліктілікті арттырудың деңгейлік бағдарламаларын жүзеге асыру үшін **1 249** тренер оқытылды.

2018 жылы жоғарыда аталған бағдарламалар бойынша ПШО мен оның филиалдарында **2 748** мұғалім оқытылды, оның ішінде «Тиімді оқыту» бағдарламасы бойынша – **1 793** мұғалім, «Мұғалімдердің мектептегі көшбасшылығы» - **1 061** мұғалім, «Мұғалімдердің педагогикалық қауымдастықта көшбасшылығы» - **514** мұғалім.

Кесте. 2018 жылы ПШО мен оның филиалдарында деңгейлік (жаңартылған) бағдарламалар бойынша оқытылған мұғалімдер саны (облыстар бойынша)

№	Облыс	Барлығы	Оның ішінде	
			ҚР мектептері	НЗМ
1	Ақмола	132	122	10
2	Ақтөбе	137	127	10
3	Алматы	314	298	16
4	Атырау	105	83	22
5	ШҚО	204	174	30
6	Жамбыл	202	187	15
7	БҚО	115	105	10
8	Қарағанды	156	156	
9	Қостанай	131	105	26
10	Қызылорда	165	155	10

11	Маңғыстау	104	91	13
12	Павлодар	131	104	27
13	СҚО	103	92	11
14	Түркістан, оның ішінде Шымкент	528	506	22
15	Алматы қаласы	159	128	31
16	Астана қаласы	62	59	3
Барлығы		2748	2492	256

Мектеп басшылығында көшбасшылық және басқару, стратегиялық жоспарлау, басқару және болжауға байланысты негізгі құзыреттерді дамыту, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушылар жұмыстарын жетілдіруге қажетті дағдыларға, әдістер, формалар мен тәсілдерге оқыту мақсатында 2014 жылдан бастап жалпы білім беретін мектеп көшбасшыларының біліктігін арттыру бағдарламалары іске асырылуда.

2014-2018 жылдар аралығында аталған бағдарлама бойынша оқығандардың жалпы саны **4 423** адамды құрады (немесе мектептердің жалпы санының 62,76% -ы).

2018 жылы ПШО бұл бағдарламаны жаңғыртып, еліміздің шағын жинақты мектеп басшыларының (738 адам) біліктілігін арттыра бастады.

Кесте. 2014-2018 жж. аралығында оқытылған мектеп басшыларының саны

Оқытылғандардың санаты	Оқытылғандар саны, барлығы	Оның ішінде жылдар бойынша				
		2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Толық жинақты мектептердің басшылары	4 423	583	660	1 396	1 535	249
Шағын жинақты мектептердің басшылары	738	-	-	-	-	738
НЗМ басшылары	57	-	-	17	20	20
Барлығы	5 218	583	660	1 413	1 555	1 007

Мектеп менеджменті мен көшбасшылығына оқыту шеңберінде ғылыми және әдістемелік жұмыс жөніндегі директор орынбасарларының біліктілігін арттыру бағдарламасы әзірленді, ол бойынша 2018 жылы Зияткерлік мектептердің 20 директор орынбасарлары оқытылды.

Білім беру деңгейлерінің (орта, кәсіптік-техникалық және жоғары) арасында жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында ПШО 2015 жылдан бастап педагогикалық кадрлерді дайындайтын жоғары оқу орындары мен

колледждердің оқытушыларына арналған біліктілікті арттыру курстарын өткізеді. Сөйтіп аталған кезеңде 2 261 мұғалім оқытылды, оның ішінде 1 309 адам жоғары оқу орындарынан, 952 адам колледждерден келді.

Университеттер мен колледждердің профессор-оқытушылар құрамына арналған біліктікті арттыру курстары екі бағыт бойынша ұйымдастырылады:

- оқыту мен оқытудың әдістері мен технологиялары бойынша;
- жаңартылған білім беру мазмұны бойынша.

Кесте. 2015-2018 жж. аралығында біліктілікті арттыру курстарын өткен, педагог кадрлерді дайындаушы жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушыларының саны.

№	Білім беру ұйымы	Оқытылған адамдар саны, барлығы	2015-2018 жж.		Оның ішінде жылдар бойынша							
			Әдістеме бойынша	Жаңарт. бойынша	2015 ж.	2016 ж.		2017 ж.		2018 ж.		
					Әдістеме бойынша	Әдістеме бойынша	Жаңарт. бойынша	Әдістеме бойынша	Жаңарт. бойынша	Әдістеме бойынша	Жаңарт. бойынша	Жаңарт. бойынша
1	ЖОО-лар (20)	1 309	848	461	298	248	36	101	54	201	54	317
2	колледждер (26)	952	549	403	0	250	0	100	50	199	50	303
Барлығы		2 261	1 397	864	298	498	36	201	104	400	104	620

2018 жылы 1243 мұғалім курстардан өтті, оның ішінде университеттерден 572 адам, колледждерден 552 адам. Олардың ішінде оқыту мен оқудың әдістері мен технологиялары бойынша - 400 адам, білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша - 724 адам. ПШО осы мұғалімдерге үнемі әдістемелік қолдау көрсетеді.

Есепті кезеңде 484 іс-шара өткізілді, оның ішінде семинарлар – 97, мастер-класстар – 89, дөңгелек үстелдер – 80, коучингтік сессиялар мен тренингтер – 62, конференциялар мен форумдар – 13, кәсіби әңгімелер – 143 өткізілді.

Кесте. ПШО жүргізетін мониторингтік зерттеу түрлері

Түр	Мақсат	Нәтижелерді қолдану
Курсқа дейінгі	Мақсатты аудиторияның кәсіби проблемалары мен қажеттіліктерін анықтау.	Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларына тұжырымдамаларды, тақырыптық мазмұнды, мақсаттарды, міндеттер мен күтілетін нәтижелерді әзірлеу.
Курстық	Курста білім алушылардың бастапқы кәсіби біліктілігі және оқыту тиімділігі («бастапқы» және «соңғы» жағдайдың диагностикасы); білім беру бағдарламаларының өзектілігі мен практикалық маңыздылығы; оқу үрдісін ұйымдастыру сапасы; оқыту кезінде тренерлер жұмысының тиімділігі.	ОӘК, бағдарлама мен оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді уақытылы түзету. Тренерлер жұмысын SWOT-талдау үшін деректерді жүйелеу, олардың кәсіби даму бағыттарын анықтау. Біліктілікті арттыру курстарының ұйымдастырушылық мәселелерін шешудегі қателіктерді жою.
Курстан кейінгі	Салыстыру - мектепте шынайы болып жатқан тәжірибені мектеп тиімділігі критерийлерімен салыстыру, курстан кейін де орын алған мұғалімдердің кәсіби қиындықтарын анықтау; - мектеп тәжірибесінің қаншалықты өзгергенін салыстыру; - оқушылардың оқу жетістіктерінің динамикасы мен жеке дамуын салыстыру; - ата-аналар өтініштерін қанағаттандыру дәрежесі; - педагогикалық қауымдастықтың мектептің дамуына қаншалықты ат салысуы; - тренерлердің әдістемелік қолдауларының тиімділігі.	Бағдарламадағы идеяларды немқұрайлы қолдану және ықтимал қауіптерге жол бермеу. Мұғалімдердің курстан кейінгі жұмыс сапасын және мектептердегі өзгерістерді басқару.

Зерттеулер дәстүрлі әдістермен жүргізіледі: сауалнама, педагогикалық бақылау және сұхбат. Параметрлер жүйесі мен әдістемелік құралдар зерттеудің кешенді болуын қамтамасыз етеді.

2018 жылы ПШО 9 мониторингтік зерттеу жүргізді, оның ішінде:

«Облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары, аудандық/қалалық білім бөлімдері басқармалары басшыларының кәсіптік сұраныстары мен қажеттіліктері» тақырыбындағы 1 курсқа дейінгі зерттеу;

- жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушыларын, ағылшын тілін оқып жүрген физика, химия, биология, информатика

4.4. КУРСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САПАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асырудың барлық кезеңдерінде ПШО мониторингтік зерттеулер жүргізеді:

– курсқа дейінгі (бағдарламаларды әзірлеу үшін);

– курстық (біліктілікті арттыру курстары барысында аталған бағдарламаларды бойынша оқытқан кезде);

– курстан кейінгі (бағдарламалардың идеяларын мектеп тәжірибесіне кіріктірген кезеңде).

мұғалімдерін, шағын жинақты мектеп басшыларын, Зияткерлік мектептердегі ғылыми және әдістемелік жұмыс жөніндегі бастық орынбасарларын, бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау жөніндегі мектеп мұғалімдерін, бағдарламалау жөніндегі мектеп мұғалімдерін, робот техникасы және 3D-басып шығару мұғалімдерін оқыту бағдарламалары бойынша 6 курстық зерттеулер;

- жаңартылған білім беру мазмұнын енгізіп жатқан 763 жетекші мектеп басшылары және мұғалімдерімен, бастауыш және негізгі мектеп мұғалімдерімен 2 курстан кейінгі зерттеу.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы бағдарламалар бойынша оқыған мұғалімдердің оқудан кейінгі жұмысының нәтижелеріне қарайтын болсақ, олардың оқыту мен оқуында болған өзгерістер оқушыларға оң әсерін тигізген. Атап айтқанда балалардың 73,3% -ында оқуға деген қызығушылық артқан, 63% -ы сабақта диалогқа қатысып, өз көзқарасын белсенді түрде білдірді. Ата-аналардың 71,7% -ы балаларына қойылған бағаның әділдігіне сенімді.

4.5. МҰҒАЛІМДЕРДІ КУРСТАН КЕЙІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ


Педагогикалық кадрларды даярлаудан кейінгі қолдау туралы ережені ПШО әзірледі, онда алғаш рет ПШО, Зияткерлік мектептер мен жетекші мектептер арасындағы өзара іс-қимыл механизмі анықталды.

Облыстық және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім беру Басқармаларымен бірлесе отырып, әрбір ауданда/қалада жалпы білім беретін мектептер арасынан мұғалімдердің өзара тиімді әрекеттесуіне

арналған платформалар ретінде жетекші мектептер анықталды, онда мұғалімдердің кәсіби қауымдастықтары құрылады.

2018 жылы ПШО «Жаңартылған білім беру мазмұнын қолдау мектептерінің жұмысын ұйымдастыру туралы» нұсқаулық хат әзірлеп, 2018 жылдың 11 қазанында №11-4/874 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне, барлық облыстық, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім беру басқармаларына жіберді. 2018 жылдың соңына қарай елде 765 жетекші мектеп анықталды.

Диаграмма. Жыл бойынша жетекші мектептер саны



Жыл сайын жетекші мектептер саны өсіп келе жатқаны байқалады. Себебі өз аймағындағы мұғалімдер қоғамдастығының біліктілігін жоғарылатуға ат салысқысы келетін белсенді мұғалімдер жұмысы белең алуда.

Сонымен қатар әдістемелік десант белсенді түрде қолданылады, оның барысында серіктес мектептердің мұғалімдері жетекші мектепке шақырылады, оның өткізілу тәртібі келесідей:

- жетекші мектеп мұғалімдерінің сабақтарын бірге бақылау (серіктес мектеп мұғалімдерінің қатысуымен);
- өткізілген сабақтар бойынша кері байланыс беру;
- мұғалімдердің проблемалары мен қиындықтарын талқылау және шешімдерді іздеу;
- мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған (жетекші мектеп мұғалімдері дайындайды) оқу іс-шараларын (семинарлар мен мастер-кластар) жоспарлау;
- оқу іс-шараларын өткізу (семинарлар мен мастер-кластар);
- кәсіби дамудың нақты бағыттары бойынша мұғалімдерге ұсыныстар әзірлеу;
- оқыту мен оқудағы өзгерістерді анықтау мақсатында сабақтарды қайта бақылау.

Аймақтардағы жетекші мектептер республикалық және облыстық форумдар мен конференциялар аясында жаңартылған білім беру мазмұнын тарату бойынша диалог алаңдарының рөлін ойнай бастады.

2018 жылы жетекші мектептер командаларының кәсіби әлеуетін және олардың серіктес мектептермен жұмысының тиімділігін анықтау мақсатында жетекші

мектептердің 765 басшысы мен мұғалімдеріне мониторинг жүргізілді. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек көпшілік (жауап берушілердің 95,4%-ы) кәсіби қауымдастықтардың жұмысына оң көзбен қарайды және жауап берушілердің жартысынан көбі (58,5%) кәсіби қауымдастықтарды мұғалімдердің кәсіби әлеуетін көтерудің мүмкіндігі ретінде қарастырады. Көптеген жағдайларда серіктес мектептермен орындалатын жұмысты ұйымдастырылған және жоспарланған деп сипаттауға болады, ол ПШО-ның алдын-ала мониторинг жүргізу нәтижесінде анықталған нақты сұраныстар мен қажеттіліктерге сәйкес аймақтық филиалдарымен бірге әзірлеген әдістемелік шаралар жүйесіне негізделеді.

Респонденттердің 99,7%-ының ойынша жетекші мектептерде серіктес мектептерге тиімді әдіснамалық қолдау көрсету үшін барлық қажетті ресурстар бар: кадрлік (деңгейлік бағдарламалар және жаңартылған орта білім беру бағдарламалары бойынша оқыған көшбасшы-мұғалімдер, мектеп тренерлері, критериалдық бағалау жөніндегі мектеп үйлестірушілері, коучинг топтар, сабақты зерттеу топтары) және әдістемелік (мектептің әдістемелік кітапханасы, желілік кәсіптік қауымдастық, ПШО тренерлерінің әдістемелік қолдауы, облыстық білім беру басқармаларының/аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің көңілі мен қолдауы).

Серіктес мектептердегі сапалы өзгерістерді растайтын көрсеткіштер қолданыстағы критерийлерге сай анықталды.

№	Серіктес мектептерде орын алған өзгерістердің критерийлері	Көрсеткіштер, %
1.	Мектеп менеджменті мен көшбасшылығына қатысты білімі мен дағдыларын нығайтқан басшылар үлесі	57,0
2.	Жаңа әдістер мен тәсілдерді оқытуда тиімді қолдануды үйренген мұғалімдер үлесі	63,7
3.	Мектептің даму жоспарын жасауды үйренген мектептердің үлесі	57,7
4.	Мектеп дамуының сәттілік критерийлерін әзірлеуді үйренген мектептердің үлесі	54,9
5.	Кәсіби қауымдастықтар желісінің жұмысына тартылған мұғалімдердің үлесі	63,7
6.	Мектеп зерттеулерін жүргізу және өз тәжірибесін зерттеу дағдыларын меңгерген мұғалімдердің үлесі	50,2
7.	«Сабақты зерттеу» топтары құрылған мектептердің үлесі	51,6
8.	Мектептің дамуын жоспарлауға ата-аналардың қатысуы өскен мектептердің үлесі	46,9
9.	Орта мерзімді жоспарлау негіздерін меңгерген мұғалімдердің үлесі	66,3
10.	Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеуді үйренген мұғалімдердің үлесі	64,1
11.	Оқушылармен жұмыс істеу тәсілдерін түрлендірген мұғалімдердің үлесі	63,7
12.	Оқуға ынтасы артқан оқушылардың үлесі	62,1

4.6. ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ

2018 жылы еліміздің жетекші мектептерінде ПШО және оның филиалдары тренерлерінің күшімен **13 913 әдістемелік іс-шара өткізілді**: 2 420 семинар, 1 203 дөңгелек үстел, 3 086 мастер-класс, 1 278 коучинг/тренинг, 153 вебинар, 126 конференция, жеке коучингті қарастыратын 5 647 сабақты бақылау.

Мұғалімдерге курстан кейінгі қолдау көрсету аясында ПШО өзінде және өз филиалдарында ағылшын тілін үйрену курстарынан өткен физика, химия, биология және информатика мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету үшін жұмыс ұйымдастырды.

Бұл мұғалімдер 20 Зияткерлік мектепте тағылымдамадан өтті, онда олар ағылшын тілінде өткізілетін сабақтарға қатысып, сабақты бірлесіп жоспарлау, команда болып оқыту мастер-кластарына қатысты. Сонымен қатар 903 мұғалім үшін тіл үйрену бойынша

«English Summer School for Teachers» жазғы мектебі ұйымдастырылды.

ПШО сабақты зерттеу жөніндегі Дүниежүзілік ассоциация (**Word Association of Lesson Studies**) кеңесінің мүшесі ретінде **«Қазақстандағы сабақты зерттеу» (Lesson Study Kazakhstan)** жобасын жүзеге асырады. Бұл жоба еліміздегі мұғалімдердің Сабақты зерттеу тәсілдемесін өз сабақ беру тәжірибесін жетілдіру және кәсіби даму құралы ретінде қолдануға бағытталған.

2018 жылы ПШО ауқымды жұмыс бастады, атап айтқанда әр мектеп үшін зерттеу жөніндегі тренерлерді дайындап, кейін «Мұғалім тәжірибесін зерттеу» атты мектепшілік курсын енгізді. Семинарлар мен тренингтерге қатысқан мұғалімдердің жалпы саны 3500 адамнан асады.

«Қазақстандағы сабақты зерттеу/Lesson Study Kazakhstan» жобасы шеңберінде ПШО және оның филиалдарының тренерлері **Сабақты зерттеуге қатысты 150 оқу іс-шараларын өткізді.**

№	Іс-шара	Саны
1.	Қалалық ғылыми-практикалық конференция	9
2.	Аймақтық ғылыми-практикалық конференция	5
3.	Облыстық ғылыми-практикалық конференция	1
4.	Тренинг	5
5.	Семинар	62
6.	Семинар-практикум	8
7.	Ақпараттық семинар-тренинг	29
8.	Мастер-класс	4
9.	Кеңес беру	2
10.	Форум	1
11.	Дөңгелек үстел	5
12.	Диалог алаңы	4
13.	Рефлексивті практикум	1
14.	Вебинар	14

Барлығы

150

Аймақтағы үздік зерттеу тәжірибелерін анықтау және тарату, жаңа әдістемелік ресурстармен танысу (зерттеу жүргізу үшін) мақсатында 2018 жылы ПШО 2 500 адамды қамтыған «Сабақты зерттеу: Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» атты 16 аймақтық конференциялар ұйымдастырды.

Еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне ресурстық қолдау көрсету мақсатында веб-сайт құрылды (www.lessonsstudy.kz). Ол мұғалімдерге тәжірибе алмасуға, дүниежүзі мұғалімдерінің Сабақты зерттеуде қолданатын материалдары және ресурстарымен бөлісуге мүмкіндік береді.




ПШО тренерлері әзірлеген «Lesson Study Box» әдістемелік қорапшасы оқу ресурсы ретінде мұғалімдер арасында кең танымал, өйткені мұнда сабақты зерттеуге қатысты материалдар мен ұсыныстар, бейне материалдар, әр кезеңде жұмыс істеуге арналған ресурстар (зерттеу мақсаты мен сұрағын анықтау, сабақ жоспарын жасау, сабақты бақылау карталары және т.б.) қамтылған.

ПШО тренерлерінің зерттеу мәселелері бойынша кәсіби деңгейін үнемі жетілдіру мақсатында ПШО-ның 60 тренери мен Зияткерлік мектептердің 12 мұғалімі үшін Білім беру саясаты бойынша Ұлттық институт зерттеушісі Тошио Чичибу (Токио, Жапония) өткізген «Сабақты зерттеу әдісін енгізу арқылы зерттеушілік ойлауды дамыту. Сабақты бақылау, транскриптау және талдау» атты мастер-класс ұйымдастырылды.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру тақырыбына қатысты ең өзекті тақырыптардың бірі – желідегі мұғалімдер мен білім беру үдерісіне қатысатын басқа да қатысушылардың белсенділігі. 2018 жылғы желтоқсан айындағы жағдай бойынша ПШО порталына 133 мыңнан астам пайдаланушылар тіркелген. Білім беру порталы пайдаланушыларының саны артып келе жатқаны байқалады.

Диаграмма. ПШО порталына тіркелген пайдаланушылар саны



2018 жылы желілік қауымдастықтағы белсенді топтардың саны 2 597-ні құрады.

2018 жылы 20 Зияткерлік мектеп пен еліміздің жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған онлайн курстар әзірлене бастады. Қашықтықтан оқыту мақсатында LMS Moodle платформасында жеке интернет-ресурс (www.sdo.cpm.kz) ашылды.



Павлодар қаласы ХББ
Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Қазыбаева Дильназ, 16 жас
«Киіз үй»



5

5-ТАРАУ.
ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН
ТАРАТУ БОЙЫНША
СЕРІКТЕСТІК

Қызылорда қаласы ХББ
Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Полат Балнур, 17 жас
«Ауыл»

5.1. 30 ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕПТЕРМЕН ЖҰМЫС

2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі - БББ МЖМ ББС) ҚР БҒМ бекіткен кестеге сәйкес апробациялануда, ол 30 пилоттық мектептерде, қалалық (18) және ауылдық (12) жерлерде, оның ішінде шағын жинақты мектептерде (4) жүзеге асырылып жатыр.

Кесте. ҚР БҒМ-ның жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу кестесі

Оқу жылы	Мектепке дейін	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2015-2016	А+Э	А+Э										
2016-2017		1	А+Э									
2017-2018		1	2	А+Э		5		7				
2018-2019		1	2	3	А+Э	5	6	7	8			
2019-2020		1	2	3	4	5 (6)	6 (7)	7 (8)	8(9)	9	10	
2020-2021 (қайта нөмірлеу)	1	2(1)	3(2)	4(3)	5(4)	6	7	8	9	10	11	11 (12)

А – апробация Э – эксперимент

қолданыстағы оқу бағдарламаларының оқу үдерісі

жаңартылған оқу бағдарламаларын апробациялау

жаңартылған оқыту бағдарламаларын енгізу

2018-2019 оқу жылында бастауыш мектептің 4-сыныбының оқу бағдарламасы апробациядан өтуде. Жаңартылған білім беру мазмұны еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің 3, 6, 8 сыныптарында енгізілді.

Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізуді қолдау мақсатында

- Оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді, критериалды бағалау жүйесін, цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеген авторлардан құралған кеңес беруші топ жұмыс істейді.

- Жүйелік-әдістемелік кешен порталы әрдайым қолжетімді (www.smk.edu.kz).

- Әр пилоттық мектеп облыстардағы 20 Зияткерлік мектептердің бірінің қарауында, олар бірлесіп әзірленген жоспарға сәйкес жұмыс істейді, бұл жоспарларда мұғалімдер мен мектеп әкімшілігіне әдістемелік және ресурстық қолдау шаралары нақты белгіленген.

- Әрбір мектепте жаңартылған білім беру мазмұны курстары мен деңгейлік курстардан

- өткен мұғалімдерден құралған шығармашылық топтар бар.

- ПШО тренерлері 30 пилоттық мектептерге тәжірибелік көмек көрсетеді. Мектептерде сабақ және іс-шаралар бірлесіп жоспарланады, сабақтар бақыланады, мастер-кластар, тренингтер, семинарлар мен практикумдер, мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен, ата-аналар қауымдастығымен кәсіби сұхбаттар өткізіледі, артынан кеңе берілетін посткурстық мониторинг жүргізіледі

- Мұғалімдердің кәсіби қауымдастық желісі құрылды, онда тренерлер пилоттық, жетекші және серіктес мектептердің мұғалімдеріне жүйелі түрде әдістемелік қолдау мен көмек көрсетеді. Қауымдастық желісі мектеп басшылары мен мұғалімдеріне тәжірибе алмасу, бірлесіп жұмыс істеу және онлайн және офлайн түрде мәселелерді талқылау арқылы педагогикалық дағдылар деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

ДББҰ филиалдарының оқытушылары ПШО және оның филиалдарының тренерлерімен бірлесіп 5,210 шара өткізді.

№	Іс-шара	2018 жылы өткізілген іс-шаралардың саны		
		НЗМ мұғалімдері	ПШО тренерлері	2018 ж.
1	Семинарлар	458	406	864
2	Мастер-кластар	574	323	897
3	Көшпелі консультациялар және кәсіби сұхбаттар	124	1 102	1 226
4	Сабақты бақылау	514	784	1 298
5	Бірлесіп сабақ жоспарлау		494	494
6	Онлайн-сабақтар мен семинарлар	9		9
7	Дөңгелек үстелдер	46		46

8	Командада сабақ беру	322	322
9	Тілдік курстар	28	28
10	Ата-аналарға арналған лекториялар	26	26
Барлығы		2 101	3 109
			5 210

Ментор-тренерлердің қарамағымен мектеп ішілік кәсіби даму жүйесі жүзеге асырылады. Әдістемелік қолдаудың негізгі бағыты – оқыту кезеңдерінің бірізділігі, оқушыларда танымдық дағдыларды және эмоционалды зиятты дамыту.

Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің тамыз айында өтетін республикалық кездесуі шеңберінде 30 пилоттық мектептің мұғалімдері мен басшылары үшін «4-ші сыныптың жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламаларының ерекшеліктері» атты екі күндік семинар өткізілді.

ПШО-ның «Бастауыш және орта мектептер: мұрагерлік жолында» тақырыбындағы отырысына пилоттық мектеп басшылары мен мұғалімдері, Астана қаласының жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінен құралған 200 адам қатысты. «Фасилитация» әдісін пайдалану арқылы топтық жұмыс тиімділігі, өткізіліп жатқан шараға деген қатысушылық, ынта артып, қатысушылардың әлеуеті барынша ашылды.

Алдыңғы үш оқу жылымен салыстырғанда, пилоттық мектептердің мұғалімдері әдістемелік мәселелерді өз беттерімен шеше алатынын, оқытудың жаңа технологияларын игергенін және екінші жыл қатарынан бастауыш мектеп мұғалімдері үшін жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламалары бойынша аймақтық семинарлар өткізгенін атап айтқан жөн.

Мұғалімдер арасында сауалнама жүргізу нәтижесінде 2018-2019 оқу жылына әдістемелік қолдаудың негізгі бағыты анықталды – оқушылар бастауыштан негізгі мектепке өткен кезде бірізділікті ұстану және оларды 5-сыныпқа жақсы бейімдеудің тиімді жолдарын айқындау. Алға қойылған міндеттерді орындау үшін 30 пилоттық мектеп мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету бойынша ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленді және бекітілді.

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ

Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу аясында 2015-2016 оқу жылынан бастап Бастауыш білім берудің МЖМББС және оқу бағдарламалары 14 облыс пен республикалық маңызы бар 2 қаланың 30 пилоттық мектебінде апробациядан өтуде.

Пилоттық мектептерде білім берудің жаңартылған мазмұнын апробациялау үздіксіз

мониторинг түрінде жүргізіледі, оған 30 пилоттық және 16 бақылау мектеп оқушыларын диагностикалық тестілеу кіреді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2015 жылдың 21 шілдесінде бекіткен Бастауыш білім берудің МЖМББС апробациясын мониторингілеу әдістемесіне сәйкес диагностикалық тестілеу 5 кезеңнен тұрады.

Апробация аясында 2018 жылдың сәуір айында 3-сыныптарға «жыл соңындағы» диагностикалық тестілеудің төртінші сатысы өткізілді.

«Жыл соңындағы» диагностикалық тестілеудің мақсаты – жаңа білім беру бағдарламасы бойынша оқыған оқушылардың дамуын бағалау.



Диагностикалық тестілеу кезінде оқушылардың «Жаратылыстану», «Дүниетану», «Ана тілі (қазақ/орыс/ұйғыр)» және «Математика» пәндерінен білімдері мен дағдылары тексерілді.

Тестілеу нәтижелері бойынша көрсеткіштерді салыстыру және оларды статистикалық өңдеу жүргізілді. Деректер «Бірыңғай параметрлік модельді (OPLM) қолдануды қарастыратын тест тапсырмаларының заманауи теориясы (IRT)» негізінде өңделді. Бұл модель тест тапсырмаларының дискриминативтік қасиеттері мен олардың күрделілік деңгейі негізінде оқушылардың қабілеттерін есептейді.

Диагностикалық тестілеу нәтижелері төмендегіні көрсетті.


Орташа балдың ілгерілеуі

Төрт тестілеудің салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша пилоттық (112,9; 137,6; 143,1; 151,4) және бақылау (118,3; 129,9; 133,0; 138,0) мектептерінде қабілеттілік шәкілі бойынша орташа балдың көтерілгені байқалады. Сонымен қатар 3-сыныпта «жыл соңында» аяқтаған кезде пилоттық мектеп оқушыларының орташа балы (38,5 балл) айтарлықтай ұлғайған, бұл бақылау мектептерімен салыстырғанда (19,7 балл) екі есе көп.

Демек, жаңартылған білім беру мазмұны пилоттық мектеп оқушыларының айтарлықтай

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

артықшылықтарын көрсетеді. Бұл жаңа оқу бағдарламаларының, критериалды бағалау жүйесінің, белсенді оқыту әдістері мен технологиясының пилоттық мектеп оқушыларының білімі мен дағдыларын қалыптастыруға деген оң әсерін көрсетеді.

*Орналасу аймағына байланысты ілгерілеу*

Төрт тестілеудің нәтижесіне сүйенсек қалалық пилоттық мектептердегі орташа көрсеткіш +38,3, ауылдық жерлерде +38,8, яғни 0,5 балл айырмашылықты құрайды.

Бұл көрсеткіш қалалық бақылау мектептерінде +18.6, ауылдық жерлерде +22.3 көрсетті, яғни айырмашылығы 3,7 балл, яғни пилоттық мектептермен салыстырғанда екі есе төмен.

Аймақ түрі	Санаты	Қыркүйек' 15	Сәуір' 16	Мамыр'17	Сәуір' 18	Қыркүйек'15/ Сәуір'18 айырмашылығы	Динамика
Қала	Бақылау мектептері	119,6	133,2	133,8	138,2	+18,6	↗
	Пилоттық мектептер	113,7	138,9	143,5	152,0	+38,3	↗
Ауыл	Бақылау мектептері	115,3	122,1	131,1	137,6	+22,3	↗
	Пилоттық мектептер	110,2	132,7	141,6	149,0	+38,8	↗

Мектеп түрлеріне қатысты ілгерілеу

Төрт диагностикалық тестілеудің нәтижелері көрсеткендей, пилоттық мектептердегі орташа балл:

- шағын жинақты мектептерде +31,5 балл;
- орта мектептерде +39,1 балл;
- мектеп-лицейлерде + 36,2 балл;
- мектеп-гимназияларда +39,0 балл.

Бұл көрсеткіш бақылау мектептерінде әлдеқайда төмен:

- шағын жинақты мектептерде +25,3 балл;

- орта мектептерде +20,6 балл;
- мектеп-лицейлерде +17,2 балл;
- мектеп-гимназияларда +19,1 балл.

Пилоттық мектептердегі көрсеткіштер диапазоны 31,5-ден 39,1-ге дейін өзгеріп отыр, яғни ± 7,6 балл аралығында. Бақылау мектептерінде бұл көрсеткіштер 17.2-ден 25.3-ке дейін, яғни 8.1 балл шегінде. Бұл мектеп түрлеріне байланысты қарастырғанда пилоттық мектептердегі білім беру қызметтерінің сапасы жоғары екенін көрсетеді.

Мектеп түрлері	Санаты	Қыркүйек' 15	Сәуір' 16	Мамыр'17	Сәуір' 18	Қыркүйек'15/ Сәуір'18 айырмашылығы	Динамика
Орта мектеп	Бақылау мектептері	115,4	126,3	128,6	136,0	+20,6	↗
	Пилоттық мектептер	112,6	136,2	143,5	151,7	+39,1	↗
Мектеп-гимназия	Бақылау мектептері	120,7	132,0	138,5	139,8	+19,1	↗
	Пилоттық мектептер	112,5	139,8	143,5	151,5	+39,0	↗
Мектеп-лицей	Бақылау мектептері	124,0	139,3	135,2	141,2	+17,2	↗
	Пилоттық мектептер	115,0	135,4	141,4	151,2	+36,2	↗
Шағын жинақты мектеп	Бақылау мектептері	108,0	119,1	126,5	133,3	+25,3	↗
	Пилоттық мектептер	111,3	129,8	137,9	142,8	+31,5	↗

Оқыту тілі бойынша ілгерілеу

Диагностикалық тестілеу нәтижелері бойынша пилоттық мектептердегі орташа балдың ілгерілеуі келесідей болды:

- қазақ тілінде оқитын сыныптарда +38,0 балл;
- орыс тілінде оқитын сыныптарда +39,1 балл;
- ұйғыр тілінде оқитын сыныптарда +32,6 балл.

Бақылау мектептерінде:

- қазақ тілінде оқитын сыныптарда +18,3 балл;
- орыс тілінде оқитын сыныптарда +21,8 балл;
- ұйғыр тілінде оқитын сыныптарда +17,6 балл.

Тілі	Санаты	Қыркүйек'15	Сәуір'16	Мамыр'17	Сәуір'18	Қыркүйек'15/ Сәуір'18 айырмашылығы	Динамика
Қазақ	Бақылау мектептері	118,5	128,1	132,6	136,8	+18,3	↗
	Пилоттық мектептер	113,2	138,5	143,0	151,2	+38,0	↗
Орыс	Бақылау мектептері	118,8	132,0	136,4	140,6	+21,8	↗
	Пилоттық мектептер	112,3	136,6	143,3	151,4	+39,1	↗
Ұйғыр	Бақылау мектептері	115,5	130,2	120,6	133,1	+17,9	↗
	Пилоттық мектептер	123,8	131,4	138,0	156,4	+32,6	↗

Минималды балл көрсеткіші бойынша ілгерілеу

1-3 сыныптарда минималды балдың:

- пилоттық мектептерде 64-тен 124 балға дейін (+60),
- бақылаушы мектептерде 81-ден 99 балға дейін (+18) артқаны байқалды.

Демек, пилоттық мектептердегі үлгерімі нашар оқушыларға айтарлықтай қолдау көрсетіліп, олар айтарлықтай ілгерілеу көрсетті, бұл жаңартылған білім беру мазмұнының енгізілуінің нәтижесі.

Минималды және максималды балдар арасындағы айырмашылық

Білім берудің тиімділігі мен сапасын көрсететін және халықаралық зерттеулерде

кеңінен қолданылатын көрсеткіштердің бірі – оқушылардың ең төменгі және ең жоғары балдары арасындағы айырмашылықтың төмендеуі: ең күшті және ең әлсіз оқушылардың оқу нәтижелеріндегі айырмашылықтар неғұрлым аз болса, білім сапасы соғұрлым жоғары деген сөз және керісінше. Тест нәтижелері бойынша:

– бақылау мектептерінде 1-сыныпта «жыл басында» бұл айырмашылық 61 балл болса, 3-сыныпта «жыл соңында» - 91 балды құраған, яғни 30 балға өскен;

– пилоттық мектептерде 1-сыныпта «жыл басында» бұл айырмашылық 78 балл болса, 3-сыныпта «жыл соңында» - 66 балды құраған, яғни 12 балға төмен болды;



Пилоттық мектептердегі жоғары және төмен балл арасындағы айырмашылықтың азаюы жаңартылған білім беру мазмұнының сапалы білім беру қызметтеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етудегі елеулі мүмкіндіктерін көрсетеді.

Тестілеу нәтижелері бойынша пилоттық мектептердің оқушылары жоғары нәтиже көрсеткен. Бұл жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының, критериалды бағалау жүйесі мен оқыту әдістерінің тиімді екенін дәлелдейді.

Апробация нәтижелері жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларын дер кезінде қайта қарауда, критериалды бағалау бойынша ережелермен материалдарға өзгерістер енгізуде, оларды жалпы білім беретін мектептерге толығымен енгізген кезде туындауы мүмкін қиындықтарды алдын-ала болжауда және мұғалімдерге қажетті әдістемелік құжаттарды әзірлеуде кеңінен қолданылады.

Диагностикалық тестілеудің соңғы кезеңі 2018-2019 оқу жылына 4-сынып оқушыларының оқу нәтижесі бойынша күтіледі.

5.2. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР – АЙМАҚТАРДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТАР

Әдістемелік орталықтардың негізгі жұмыс бағыттары:

- қызметті реттейтін құжаттарды әзірлеу бойынша ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс;
- аймақтық мектептердің педагогикалық кадрлер және әдістемелік қолдау қажеттілігін зерттеу және талдау бойынша ақпараттық-талдау жұмысы;
- Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру, жаңартылған орта білім беру мазмұнын және үш тілде білім беруді енгізу бойынша әдістемелік жұмыс.

Әдістемелік орталықтардың жұмысы ұйымдастырушылық және мазмұндық аспектілерді реттеуге бағытталған.

Ұйымдастырушылық аспект

Қызметті реттейтін Тәжірибені тарату және біліктілікті арттыру әдістемелік орталығы туралы ереже әзірленді. Зияткерлік мектептердің тәжірибесін жалпы білім беретін мектептерге тарату жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бойынша бірыңғай жоспар бекітілді (ДББҰ Басқармасының 2018 жылғы 18 сәірдегі № 22 шешімі). Әдістемелік әдебиет, «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналдар, ПШО-ның жарнамалық басылымдары жинақталған әдістемелік кабинеттер ашылды. Электронды материалдарды жүктеу алаңы ретінде жүйелі әдістемелік кешең (ЖӘК) (<http://smk.edu.kz/>) әзірленді. Аталған сайтқа (<https://www.cpm.kz/ru/>) өңірлерде әдістемелік іс-шараларды өткізу ережелері, өткізілген іс-шаралар туралы есеп беру-аналитикалық ақпарат және байланыс деректер берілген қосымша парақ енгізілді.

Мазмұндық аспект

- аймақтық мектептердің педагогикалық кадрлер және әдістемелік қолдау қажеттілігін зерттеу және талдау (сұхбат, сабаққа қатысу және бақылау, үздік педагогикалық тәжірибені анықтау, жалпылау және тарату);
- жаңартылған орта білім берудің мазмұнын жүзеге асыру бойынша мектеп ұжымдарына әдістемелік және консультациялық қолдау көрсету.

Әдістемелік қолдау мақсатты аудиторияның сұраныстарын (жалпы білім беретін мектептер мұғалімдері, әкімшілігі, аймақтық, облыстық әдістемелік кабинеттердің қызметкерлері, жалпы білім беретін мектептердің әдіскер мамандары және ата-аналар қауымдастығы) ескере отырып, бірқатар оқу семинарлары/тренингтер, мастер-класстар, вебинарлар және

басқа да іс-шаралар арқылы көрсетіледі.

2018 жылы Әдістемелік орталықтар 9 200 іс-шара өткізді: 58 273 адам қатысқан 2 374 семинар, 16 932 адам қатысқан 741 тренинг, 58 353 адам қатысқан 4 178 мастер-класс, 31 онлайн-сабақ, 81 онлайн-семинар, 694 адам қатысқан 42 тілдік курс, 20 994 адам қатысқан 310 көшпелі консультациялық кездесу, 381 командалық оқыту сабағы, 79 ата-аналарға арналған дәріс, 983 сабаққа қатысып, кері байланыс берілді.

2018 жылы ҚР БжҒМ-ның тамыз конференциясы шеңберінде жаңартылған орта білім беру мазмұнын жүзеге асыратын 3-, 5-8-сынып мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мәселесіне баса назар аударылды.

Аймақтық тамыз кеңестерінде Зияткерлік мектептер 3-, 5-8 сыныптарда жаңартылған білім беру мазмұнын оқытудың ерекшеліктері туралы негізгі мектептің 18 пәнінен және критериалды бағалау жүйесі бойынша орыс және қазақ тілдерінде секциялар өткізді. Секцияларға **23 237 мұғалім қатысты.**

Зияткерлік мектеп мұғалімдері 5-8 сынып мұғалімдеріне арналған 958 мастер-класс өткізді, Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері, пилоттық және жетекші мектеп мұғалімдері 1-4 сынып мұғалімдеріне арналған 921 семинар өткізді. ҚР БжҒМ секцияларында ДББҰ барлығы 1 879 мастер-класс ұйымдастырып, өткізді.

Оқу-әдістемелік материалдарының, бағалау құралдары жинақтарының көрмелері ұйымдастырылды. Әдейі әзірленген 40 ақпараттық және білім беру сайт арқылы ЖӘК-тен барлық жүктелген әдістемелік материалдарды электронды тасығышқа (оффлайн режимде пайдалану үшін) жүктеп алуға болады.

Аймақтық секциялардағы мастер-класстар мен оқыту семинарларын дайындап, өткізуге 1 434 мұғалім, ПШО-ның 101 тренері, өңірлердегі Зияткерлік мектептердің 841 мұғалімі, пилоттық мектептердің 350 мұғалімі және жетекші мектептердің 142 тренері қатысты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасына сәйкес (2018 жылғы 31 қаңтардағы Хаттама) ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы және оның филиалдарында ағылшын тілін оқып үйренген физика, химия, биология және информатика мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету бойынша жұмыс жүргізді. Аталған іс-шаралардың шеңберінде мұғалімдерге әр Зияткерлік мектепте тағылымдамадан өтіп, ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдердің сабақтарына қатысуға, бірлескен сабақ жоспарлау, командалық оқыту бойынша мастер-класстарға қатысуға мүмкіндік берілді. 903 мұғалім үшін «English Summer School for Teachers» жазғы мектебі ұйымдастырылды.

5.3. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҰЙЫМДАРМЕН ЖҰМЫС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

2018 жылдың 15-16 қарашасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Орта білім беру мазмұнын жаңартудың компоненттерін педагогикалық білім беру бағдарламаларына енгізу» тақырыбына семинар ұйымдастырды.

Семинарға жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының 120 әзірлеушісі қатысты. Семинар қатысушыларының қажеттіліктеріне қарай, орта білім мазмұнын жаңарту, жалпы білім беретін мектептерге арналған МЖМББС және оқу бағдарламаларының жаңа құрылымы мен мазмұнын қолдану, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізу мәселелері қарастырылды.

Бұл жаңартылған орта білім беру мазмұнына көшу аясындағы педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қайта қарау үдерісінің басын бастады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 685 бұйрығына сәйкес, ПШО орта білім беру саласындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің (бұдан әрі – РОӘК) құрамына қосылды. Қазіргі уақытта елімізде 216 әдістемелік кабинет қызмет істейді (штат саны 2 439 әдіскер). Олар мұғалімдерге ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдау көрсетіп, мектептердегі оқу үдерісінің тиімділігіне талдау және бағалау жүргізеді, аймақтардағы инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтайды және таратады.

ПШО Ы.Алтынсарин атындағы ҰББА-мен бірлесіп РОӘК-тің жаңартылған білім беру мазмұнын енгізудің өзекті мәселелері бойынша оқыту семинарларын қамтитын тоқсан сайынғы жиналыстары жоспарын әзірледі:

- жаңартылған оқу бағдарламаларын жүзеге асырудағы сараланған оқыту;
- мектепке даму жоспарын әзірлеуде көмек көрсету;
- оқушылардың оқу жетістіктерін қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдері;
- мұғалімдермен тиімді жұмыс жүргізу үшін көшбасшылық дағдыларды қалыптастыру;
- Lesson Study тәсілі арқылы мұғалімдердің зерттеушілік ойлауын дамыту.

2018 жылдың желтоқсан айында Қарағанды облысының оқу-әдістемелік орталығында ПШО

РОӘК отырысына алғаш рет қатысты. Астана, Көкшетау және Қарағанды қалаларындағы ПШО филиалдарының тренерлер командасы өткізген мәжіліс барысында РОӘК-тің 200-ден астам қатысушысы оқушыларды оқытуда дифференциациялау, сабақ жоспарлаған кезде оқушылардың ерекшеліктерін ескеру мәселелерін талқылауға мүмкіндік берілді. Олар сабақ бақылау барысында назар аударатын нәрсе және басқа мұғалімдердің сабақтарына қатысқаннан кейін кері байланыс беру мәселесін талқылады.

Жалпы алғанда ынтымақтастық туралы меморандумдар шеңберінде 379 мұғалім оқытылды: 23 бастауыш сынып мұғалімі, 42 қазақ тілі мұғалімі, 28 орыс тілі мұғалімі, 30 ағылшын тілі мұғалімі, 66 математика, 27 информатика, 14 химия, 19 биология, 25 физика, 16 география, 43 тарих, 33 көркем еңбек пәні мұғалімі және бағалау координаторлары ретінде 13 оқу ісінің меңгерушісі.

379 мұғалім дегеніміз төмендегі мамандандырылған мектептердің мұғалімдері:

- Астана қаласында 85 мұғалім: Қазақ ұлттық өнер университетінен 19, Қазақ ұлттық хореография академиясынан (мектеп) 8, «Республикалық физика-математика мектебінің» Астана қаласындағы филиалынан 37, генерал С.К. Нұрмағамбетов атындағы «Жас Ұлан» Республикалық мектебінен 21 мұғалім;
- Алматы қаласында 227 мұғалім: Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясынан 58, А.К. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған қазақ музыкалық мектеп-интернаттан 31, К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаттан 25, А.В. Селезнев атындағы Алматы хореография мектебінен 29, Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінен 60, Б.Момышұлы атындағы «Жас Ұлан» Республикалық мектебінен 24 мұғалім;
- Шымкент қаласында С. Рахымов «Жас Ұлан» Республикалық мектебінің 28 мұғалімі;
- Қарағанды қаласында екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алған, авиация генерал-майоры Т.Я. Бегелдинов атындағы «Жас Ұлан» Республикалық мектебінің 23 мұғалімі;
- Қызылорда қаласында облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің 16 мұғалімі.

Кесте. ДББҰ-мен ынтымақтастық туралы Меморандумдар аясында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 2018 жылы оқытылған педагог мамандардың саны

Пәндер	Астана қ.					Алматы қ.										Барлығы
	барлығы	ҚазҰӨУ мектебі	«Жас Ұлан»	хореография академиясының мектебі	РФММ	барлығы	Т.К. Жүргенов атындағы мектеп (өнер)	А.К. Жұбанов атындағы	К. Байсейітова атындағы (музыкалық)	А.В. Селезнев атындағы (хореография)	РФММ	«Жас Ұлан»	«Жас Ұлан»	«Жас Ұлан»	олимпиадалық резервтің спортмектебі	
бастауыш мектебі	7	1		1	5	16		8	1		1					23
бағалау координаторлары	1			1		12	1	2	3	4	3	1	2			13
биология	4	1	1		2	11	2	1	2	3	2	2	1	1	1	19
химия	1		1			9	1	1	2	3	2	2	6	2	1	14
математика	22	3	4	2	13	30	3	2	4	15	4	4	2	6	2	66
информатика	9	2	2	1	4	13	2	2	2	5	2	1	3	2	1	27
физика	5	1	2	1	1	14	2	2	1	5	1	3	2	2	1	25
Қазақстан тарихы	5	3	2			18	4	2	2	6	2	3	1	2	2	29
дүниежүзі тарихы	1		1			12		2	1	6	1	2	2			14
география	4		1		3	7	1	1	1	2	1	1	1	2	1	16
орыс тілі	6	3	1		2	18	4	3	4	3	4	2	5	2	1	28
қазақ тілі	12	3	4	2	3	20	4	2	4	4	4	2	3	3	2	42
ағылшын тілі	7	2	1		4	16	3	3	2	4	2	1		1	3	30
көркем еңбек	1		1			31	31						28		1	33
барлығы	85	19	21	8	37	227	58	31	29	60	29	24	24	23	16	379

Л.Н. ГУМИЛЕВ атындағы ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ДББҰ-ның «Жаңа дәуірдің мектебі» Х Халықаралық конференциясы аясында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен (бұдан әрі – ЕҰУ) меморандумға қол қойылды.

ЕҰУ-де білім беру кадрларды даярлаудың үш деңгейлі жүйесі: бакалавриат – магистратура – PhD докторантурасы орыс және қазақ тілдерінде күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады. Бұл білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Университет құрамына 13 факультет кіреді.

ЕҰУ-дың профессор-оқытушылар құрамынан 250-ге жуық оқытушыға арналған жаңартылған білім беру бағдарламаларын түсіндіру мақсатында бірқатар ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді:

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді

реформалаудың заманауи жағдайындағы жаңартылған білім берудің мазмұны және мектеп пен университет арасындағы сабақтастық» (2018 ж., қазан айы);

2. «Білім беру мазмұнын жаңарту және инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану» (2018 ж., қараша айы);

3. «Жаратылыстану ғылымдары бойынша көптілді білім беруді ұйымдастыруды жетілдіру».

Аталған іс-шаралардың нәтижесінде ЕҰУ педагогикалық мамандықтар бойынша үш жылдық білім беру бағдарламаларын әзірлей бастады. Бұл бағдарламалар бойынша болашақ мұғалімдер кәсіби дайындық барысында мектептерде үздіксіз педагогикалық тәжірибе өтеді.

5.4. ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

2018 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 14 облыстық әкімдікпен және республикалық маңызы бар қалалармен

меморандумдарға қол қойылды: Қызылорда, Ақмола, Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Түркістан, Павлодар, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл облыстары және Шымкент, Астана, Алматы қалалары. Аталған өңірлерде жоспарлы жұмыс жүргізілді.

Кесте. ЖАО қатысуымен өткізілген іс-шаралар тізімі

	2018 жылдағы іс-шаралар	НЗМ ДББҮ филиалдары	ПШО филиалдары	2018 жыл бойынша БАРЛЫҒЫ
1	Оқыту семинарлары	2 374	2 420	4 794
2	Оқыту тренингтері, коучингтері	741	1 278	2 019
3	Мастер-класстар	4 178	3 086	7 264
4	Сабаққа қатысу және бақылау	983	5 647	6 630
5	Вебинарлар		153	153
6	Мектептерде көшпелі консультациялық кеңес беру	310		310
7	Командалық сабақ беру	381		381
8	Дөңгелек үстелдер		1 203	1 203
9	Конференциялар	20	126	146
10	Ата-аналарға арналған білім беру дәрістері	79		79
11	Онлайн-сабақтар	31		31
12	Онлайн-семинарлар	81		81
	БАРЛЫҒЫ	9 200	13 913	23 113

2018 жылдың басты оқиғаларының бірі – Қарағанды облысының Жезқазған қаласында жаңартылған білім беру мазмұны, үш тілде білім беру, критериялы бағалау жүйесі, білім беруді цифрландыру, оқу-әдістемелік кешендер туралы НЗМ тәжірибесін тарату аясындағы іс-шара.

«Ұлы дала мұрагерлері» атты театрландырылған қойылым қатысушылардың ерекше эмоцияларын тудырып, жарқын әсер қалдырды. Бұл көлеңке театрының қойылымында Қарағанды қаласы Зияткерлік мектептің оқушылары мемлекетіміздің қалыптасу тарихын, сондай-ақ музыкалық өнердің әртүрлі жанрларын көрсетті – ұлттық музыкадан классикаға дейін. «Шеберлер қаласы» атты оқушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі қонақтардың ерекше қызықтырды. Көрмеде Зияткерлік мектептер оқушылары майлы бояумен салған, суда салған авторлық суреттер, папье-машеден, киізден жасалған бұйымдар, құмыралар, кілемдер және т.б. ұсынылды. Робот техникасы саласында 10 ғылыми жоба ұсынылды: күн сағаты, домбыра тартатын робот, автоматтандырылған құмды тұздан тазарту станциясы және т.б.

2018 жылы ДББҮ-ның 10 жылдығына орай «Ауыл мектебін қолдайық» атты ауқымды желілік науқан өткізілді. Соның ішінде Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Ұлытау ауылының мектебіне көмек көрсетілді.

Мектепке үш тілдегі 350 түрлі көркем әдеби және ғылыми кітаптар, Қарағанды қаласы Зияткерлік мектебінің оқушылары өсірген 100 құмырадағы гүл, 3D-принтер, 15 спорттық доп, жұмсақ ойыншықтар мен кітапханаға арналған үстел ойындары табысталды.

765 жетекші мектептің әрқайсысында консультациялық алаңдар арқылы тәжірибе алмасу мақсатында басқа (аумақ бойынша бекітілген) мектептермен жұмыс жүргізіледі: оқыту семинарлары, мастер-класстар, кері байланыс беріп отырып сабақ бақылау, вебинарлар, командалық сабақ беру және т.б. Жетекші мектептердің саны жылдан жылға өсуде. Бұл өз аймақтарындағы педагогикалық қауымдастықтың кәсіби дамуына жауапты болғысы келетін мұғалімдердің белсенді жұмысының нәтижесі. Мұғалімдерді пост-курстық кезеңде жүйелі әдістемелік жұмыспен барынша қамту және аймақтарда кәсіби қауымдастықтар құру мақсатында **жетекші мектептер** санын жыл сайынғы **200-ге** арттыру жоспарланып отыр. Жаңа жетекші мектептерде корпоративті оқыту форматын енгізу ұсынылды. Бұл мектеп әкімшілігін және жетекші мұғалімдерді менеджмент саласында оқыту, Зияткерлік мектептер мұғалімдері мен әкімшілігінің қатысуымен педагогикалық қауымдастықта оқыту және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруға бағытталған.





Шымкент қаласы ХББ
Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Ералиева Айша, 15 жас
«Мақта-мата»

6

6-ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2018 жылы ДББҰ тәжірибесі халықаралық деңгейде белсенді түрде таратыла бастады.

ECER-2018

ДББҰ қызметкерлері 2018 жылы Больцано қаласында (Италия) өткен Білім беру саласындағы зерттеушілердің Еуропалық Конференцияна қатысты:

- English Language Teachers' Beliefs about Critical Thinking in Kazakhstan (К.Турсынбаева, Зерттеу департаменті);
- Comparative Analysis of Kazakhstan's Educational Policies and Practices against UNESCO Policy Guidelines on Inclusion in Education (Г. Суюндикова, Ақтау қаласы ХББ НЗМ);
- Implementation of the Integrated Curriculum in Kazakhstani Secondary Schools: Challenges and Opportunities in pilot schools at School Level (А. Ибраимова, Петропавл қаласы ХББ НЗМ);
- Developing Integrated Physics Lessons in English Language as L3 for Secondary Students of Nazarbayev Intellectual Schools (NIS) in Kazakhstan (М. Джусамбаев, Тараз қаласы ФМБ НЗМ).

Кембридж университетіндегі Назарбаев Зияткерлік мектептері күндері

2018 жылдың сәуір айында Кембридж университетінде (Ұлыбритания) Назарбаев Зияткерлік мектептері күндері өтті. Іс-шара аясында БББО, ПӨО, ПШО әзірлеген білім беру ресурстарының көрмесі, сондай-ақ ДББҰ басшылығының Білім беру факультеті және Кембриджуниверситетінің баспасы өкілдерімен жұмыс кездесулері ұйымдастырылды.

ДББҰ Басқармасының Төрайымы К.Н. Шәмшидинова «Өзгерістер уақыты: Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 10 жылдық жұмысы» тақырыбына дәріс оқыды, қазақ халқының ең жақсы дәстүрлерін, қазақстандық білім беру және әлемдік педагогикалық практиканың озық тәжірибелерін біріктіретін инновациялық білім беру моделін әзірлеу, енгізу және апробациялау бойынша тәжірибелік алаң ретінде Зияткерлік мектептер желісін құру және дамыту тәжірибесімен бөлісті.

Дәріске ДББҰ-ның стратегиялық серіктестері, Ұлыбританияның білім беру саласындағы ұйымдардың өкілдері, Ұлыбританияда оқитын Зияткерлік мектептердің түлектері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Қазақстан Республикасының Ұлыбританиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ерлан Ыдырысов дәрістің құрметті қонағы болды. Жалпы дәріске шамамен 100 адам қатысты. Іс-шараны онлайн-трансляция арқылы көруге болды.

«Білім беру қаласы» Халықаралық форумы, Мәскеу қ. (РФ)

ДББҰ өкілдері Мәскеуде өткен II Халықаралық «Білім беру қаласы» форумына қатысты.

Форумда «Трансформация заманындағы ғаламдық қалалық білім беру» және «Мегақалаға арналған мега мектеп: өмір салты мен әлеуметтік инновациялар зертханасы» сияқты тақырыптардың кең ауқымы талқыланды. Форум алаңдарында әлем қалаларының білім беру жүйеле басшыларының халықаралық конференциясы, білім беру сапасын бағалау жөніндегі халықаралық конференция, жетекші халықаралық сарапшылармен пікірталастар және мастер-класстар ұйымдастырылды.

Форумда «Сенсорлық бөлмелерден толығымен онлайн оқытуға дейін: архитектура оқытудың тиімділігіне әсер етеді ме?» тақырыбында панельді пікірталас өткізді. Пікірталасқа ДББҰ Басқарма төрайымы К.Н. Шәмшидинова, Аллан Кьяер Андерсен (Bhartiya City Developer мектебінің даму жөніндегі директоры), Андрэ Кассон (Australian International School халықаралық мектебінің директоры) сияқты халықаралық сарапшылар қатысты. Талқылау барысында «мектеп архитектурасына» стандартты көзқарасты қайта қараудың қиындықтары мен мүмкіндіктері, Дания, Австралия және Ресейлік әріптестердің тәжірибесі, оқу процесінде мектеп кеңістігін ұтымды және прагматикалық пайдаланудың проблемалары мен мүмкіндіктері талқыланды. ДББҰ Басқарма төрайымы К.Н. Шәмшидинова Зияткерлік мектептерде интерактивті оқу кеңістігін құру тәжірибесімен бөлісті, сонымен қатар мұғалімдер мен оқушыларды мектеп инфрақұрылымын пайдалану жөнінде бастама көрсетуге ынталандыратын қолайлы орта құрудың маңыздылығын атап өтті.

ДББҰ өкілдері «Қазіргі әлемдегі білім беру: сын-тегеурендер, бағалау, шешімдер» Халықаралық конференциясына қатысты. Негізгі баяндамашылар Андреас Шляйхер (ЭЫДҰ-ның білім беру жөніндегі директоры), Дирк Хастедт (IEA-ның атқарушы директоры) PISA-2015 және ICCS-2016 зерттеулерінің нәтижелеріне шолу негізінде баяндама жасады.

Павел Лукша (Global Education Futures негізін қалаушы, Сколково Мәскеу басқару мектебінің практика профессоры) өткізген «Оқып үйренетін қала – халықаралық тәжірибе және қолданыстағы прототиптер» жоба сессиясына білім беру экожүйесін құратын әртүрлі қалалар мен елдердің өкілдері қатысты. Сессияның негізгі мәселелері – «Оқып үйренетін қала» философиясын құру және озық тәжірибені жергілікті жағдайда енгізу мүмкіндігі.

EdCrunch-2018 Халықаралық конференциясы, Мәскеу қ. (РФ)

ДБҰ өкілдері Мәскеудегі EdCrunch-2018 конференциясына қатысты.

Конференция аясында ДБҰ Басқарма төрайымының орынбасары Н.А. Аюбаева және ПШО директорының орынбасары М.А. Тыныбаева, ПШО тренері Ж.К. Байгаринова «Мұғалімнің практикасын зерттеу (Action Research, Lesson Study): Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі» тақырыбына Ресей Федерациясының аймақтық білім министрліктерінің, мемлекеттік және жекеменшік мектептердің өкілдері үшін мастер-класс өткізді. Бұл семинар конференция қонақтары арасында жақсы пікірлер жинап, ерекше қызығушылық тудырды.

Конференция өткен күндері білім беру көрмесінде ПШО-ның әдістемелік құралдары сатылды. Сондай-ақ EdCrunch конференциясында ДБҰ мен МИСиС Ұлттық ғылыми-технологиялық университеті арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

«Жаңа дәуірдің мектебі» X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

2018 жылдың 25-26 қазанында ДБҰ-ның X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (бұдан әрі – Конференция) өтті. Мерейтойлық конференцияның тақырыбы – «Жаңа дәуірдің мектебі».

Екі күннің ішінде іс-шараға 2 000-нан астам адам қатысты: Қазақстан аймақтарынан 700-ден астам мұғалім (Конференцияға өзара түсіністік туралы меморандумдар аясында алғаш рет осы жылы қатысты) және 100-ден астам шетелден келген қатысушылар.



Конференцияны Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиев ашты. Ашылу салтанатында ДБҰ Қамқоршылық Кеңесінің Төрағасы Шигео Катсу және ДБҰ Басқарма Төрайымы К.Н. Шәмшідинова сөз сөйледі.



3 пленарлық отырыста 10 спикер сөз сөйледі, олардың ішінде білім беру социологиясы, танымдық даму және зерттеу саласындағы 7 халықаралық сарапшы. Әр пленарлық отырыстың соңында негізгі баяндамашылармен пікірталастар ұйымдастырылды.

Конференцияның негізгі баяндамашылары:

- К.Н. Шәмшідинова, ДБҰ Басқарма Төрайымы;
- Р.Р. Рустемов, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары;
- Кай Миң Чең, Гонконг университетінің құрметті профессоры, білім беру саясаты департаментінің директоры (Қытай);
- Дэвид Марш, инновациялар және сыртқы байланыстар жөніндегі директор, EduClusterFinland, Ювяскюля университеті (Финляндия);
- Сьюзан Робертсон, білім беру социологиясының профессоры, Кембридж университеті (Ұлыбритания);
- Паата Амонашвили, гуманистік педагогика халықаралық орталығының президенті, психология ғылымдарының докторы (Грузия);
- Майкл Янг, Лондон университеттік колледжі білім беру институтының құрметті профессоры (Ұлыбритания);
- Дэвид Лич, білім беру саласындағы зерттеулер жүргізетін RTI International зерттеу компаниясының қызметкері (АҚШ);
- Томас Хсу, Өндірісті бақылау басқармасының директоры, PASCO Scientific (АҚШ);
- Дармен Садвакасов, атқарушы директор, DASCO Consulting (Қазақстан).

Конференция аясында 50-ден астам іс-шара өтті, оның ішінде ДББҰ тәжірибесін тарату тақырыбында 10 секция, 3 арнайы секция (халықаралық инновациялық мектептерге арналған секция, инклюзивті білім беру мәселелеріне арналған секция, Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің секциясы), 2 дөңгелек үстел форматындағы отырыс.



Конференция өткен күндері білім беру ресурстарының көрме-сатылымы және мұғалімдердің ғылыми жобаларының постер-сессиясы өткізілді.



ДББҰ Конференциясы қатысушыларды жыл сайын әртүрлі форматтағы баяндамалармен, сондай-ақ авторлық мастер-класстарымен қызықтырады.



Конференция аясында 11 мастер-класс өткізілді. Келесі мастер-класстар қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырды:

- профессор Джон Эллиоттың «Іс-әрекеттегі зерттеу мен сабақты зерттеудің өзара байланысы»;
- профессор Кай-Минг Ченгтің «Таным ғылымының маңызы туралы»;
- Паата Амонашвилидің гуманистік педагогикаға арналған;
- профессорлар Марит Ховеид пен Джон Эллиот бірлесіп жүргізген ғылыми мақалаларды жариялау туралы. Доктор Питер Мехисто және биылғы жылдың негізгі баяндамашысы доктор Дэвид Марш пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) туралы бірлескен мастер-класс өткізді.

– Жалпы, 2018 жылғы Конференция барысында әртүрлі форматтағы 217 баяндама жасалды.

Қатысуға сұранымдарды қабылдау Конференция сайты (<http://conferences.nis.edu.kz>) арқылы жүзеге асырылды. Сұранымдар Академиялық комитет мүшелерінің қос сатылы жасырын рецензиялау нәтижесінде іріктелді. Комитет білім беру саласындағы қазақстандық және шетелдік сарапшылардан және ДББҰ ғылыми-консультациялық кеңесі мүшелерінен тұрады.

ДББҰ Конференцияны қазақстандық және халықаралық сарапшылар арасында кеңінен таныту мақсатында үнемі жұмыс істеп, Конференция туралы ақпарат таратады. Мұғалімдер, аймақтық білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен халықаралық ұйымдардың мүшелері Конференция туралы хабардар. Мысалы, 2018 жылы Конференцияға 20-дан астам шет елден келген қонақтар қатысты.

Түркіменстан Республикасымен ынтымақтастық

ДББҰ тәжірибесін тарату шеңберінде Еуропалық Одақтың «Түрікменстандағы білім беру жүйесіне жәрдемдесу» EuropeAid/136701/DH/SER/TM жобасымен (бұдан әрі – ЕО Жобасы) ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумды іске асырудың негізгі бенефициары – түркімен тарапы. ДББҰ тарапы үшін Жоба халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге, білім беру қызметтерін экспорттауға, табыс көздерін әртараптандыруға және қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған.

Түркіменстанның Ұлттық білім беру институты ДББҰ және ЕО Жобасы арасындағы ынтымақтастықта Түркіменстанның білім министрлігі тарапынан өкілеттік етеді.

Түркімен тарапының сұрауы бойынша келесі бағыттарда жұмыс жоспарланып отыр: білім беру мазмұнын жетілдіру, бысшылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттырудың инновациялық тәсілдері, оқытудың

инновациялық әдістері мен технологиялары, оқытудағы көшбасшылық, мұғалімдерге робот техникасын оқыту.

2018 жылдың 13-14 қарашасында Ашхабад қаласында өткен «Бақыт пен қуаттылық дәуіріндегі білім және спорт» Халықаралық көрмесі мен конференциясында ДБҰ Басқармасының Төрайымы К.Н. Шәмшідинова «Заманауи мектеп: жаңа көзқарас және нақты қадамдар» тақырыбы бойынша әріспестеріне өз көзқарасын ұсынды. Сонымен қатар, С.Б. Испусинова, А.О. Қазжанова, Ж.Н. Әбділдина, А.С. Шилибекова мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарылату, Қазақстандағы мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетудегі жүйелі-әдістемелік кешеннің маңыздылығы, робот техникасы бойынша элективті курс, Зияткерлік мектептердің тәжірибесін еліміздің білім беру жүйесіне таратуды ұйымдастыру, пилоттық және жетекші мектептердің рөлі, орта білім берудің мазмұнын жаңартудағы тұжырымдамалық тәсілдер, критериялды бағалау жүйесін дамыту, оқушылардың жетістіктері туралы бірқатар баяндама жасады. ДБҰ өкілдерінің баяндамалары сәтті өтті де конференцияға қатысушылар арасында ерекше қызығушылық тудырды.

ДБҰ, оның филиалдары мен орталықтарының қызметі, сондай-ақ Зияткерлік мектептердің инновациялық жобалары, зерттемелері мен білім беру кешендері Ашхабадта өткен Халықаралық көрменің жеке павильонында таныстырылды. Түркіменстанның вице-премьері және білім беру министрі Мамедмурад Гельдиянзов Зияткерлік мектептер павильонының құрметті қонағы болды. Ынтымақтастықты одан әрі дамыту бойынша жұмыс 2019-2020 жылдарға жоспарлануда. 2018 жылы ДБҰ білім берудің мазмұны және мұғалімдердің біліктілігін арттыру саласында келесі тақырыптар бойынша 2 блок семинар өткізді: «Білім берудің болашағы үшін құндылықтар мен инновациялар», «Оқытудың инновациялық әдістері», «Орта білім беруді дамытудағы заманауи үрдістер».

Сабақтар интерактивті түрде өткізілді, сабақ барысында қатысушылар пікір мен идея алмасты, оларға жұптарда, топтарда жұмыс істеуге мүмкіндік берілді. Ашхабадта өткен семинарды Түркіменстанның педагогикалық қоғамдастығы жақсы қабылдады.

Пікірлер (<https://education-turkmenistan.eu/public/news/845/>)

Мұғалімдерге арналған «Mugallymlar gazetesi» газетінде жарияланған мақалада «Қазақстандық сарапшылар көшбасшылық және мектеп басқару, әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жетілдіру, сабақ кезеңдерін әзірлеу және зерттеу, сабақты бағалау, оқытудың инновациялық әдістері мен белсенді тәсілдері саласындағы жаңа

тәжірибені таныстырды» деп айтылды.

ЕО Жобасының жетекшісі Штефан Зиверт былай деді: «Түркімен мұғалімдері оқу материалдарын ЕО сарапшыларымен салыстырғанда қазақстандық әріптестермен жұмыс істегенде жылдамырақ қабылдайды. Қазақстандық тренерлерде кеңінен танылған еуропалық ұйымдардың сертификаттары бар, олар тренингтерді ЕО-ға лайықты деңгейде өткізеді».

«Көшбасшылық және мектепті дамыту» семинары (2018 жылдың қазан-қараша айы)

(ПШО тренерлері Мукутов Т., Астана қаласындағы Орталық Аппарат, Калдарова К., Алматы қаласындағы филиал, Абишева Р., Талдықорған қаласындағы филиал, Матаева С., Шымкент қаласындағы филиал).



Түркіменстанның Білім беру институтының қызметкерлері, жалпы білім беретін мектептердің басшылары мен мұғалімдеріне арналған семинар өткізілді. Семинарларда Қазақстан Республикасының жаңартылған орта білім берудің мазмұны, көшбасшылық және мектеп басқаруға қатысты мәселелер талқыланды.

«Білім беру кеңістігі: проблемалар мен перспективалар» VII Бүкілресейлік конференциясы (2018 жылдың қыркүйек айы), Мәскеу қаласы (Ресей Федерациясы)

Екі тренер мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңандық өзгерістерді талқылауға қатысып, Мәскеудегі үздік мектепке дейінгі мекемелердің қызметімен танысты. Алған тәжірибе ПШО мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешілеріне арнап әзірлеген оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын одан әрі жетілдіру үшін пайдаланылды. (Қатысушылар – тренерлер, Ильясова Д., Көкшетау қаласындағы филиал, Рысқұлбекова А., Алматы қаласындағы филиал.)

Сабақты зерттеу саласындағы дүниежүзілік қауымдастықтың XII Халықаралық конференциясы (World Association of the Lesson Studies) (2018 жылдың қараша айы)



Сабақты зерттеу саласындағы дүниежүзілік қауымдастықтың XII Халықаралық конференциясы (World Association of the Lesson Studies) Бейжің педагогикалық университетінде (Beijing Normal University) өтті. 2018 жылғы конференцияның тақырыбы: «Сабақты зерттеу және мұғалімдерді оқыту: халықаралық диалог».

Халықаралық конференцияның басталуына бір күн қалғанда WALS Кеңесіне мүше елдердің қатысуымен WALS Сараптамалық кеңесі өткізілді. Ақтөбе қаласындағы ПШО филиалының директоры Т.А.Әкімова сараптамалық кеңесте баяндама жасап, қазақстандық жалпы білім беретін мектептерге сабақты зерттеу тәсілдемесін енгізу үдерісіне қысқаша шолу жасады (2018 жылы Сарапшылық кеңесте өз қызметін таныстыру мүмкіндігі Қазақстанға және Швейцарияға ұсынылды). (Қатысушылар – тренерлер, Акимов Т., Ақтөбе қаласындағы филиал, Жолдасбаева С., Қожабаева А., Астана қаласындағы Орталық Аппарат, Зейнолдина Г., Өскемен қаласындағы филиал, Рахымжанова Б., Көкшетау қаласындағы филиал, Тушинская О., Петропавл қаласындағы филиал.)

2018 жылы ПШО және оның филиалдарының қызметкерлері 111 аймақтық, республикалық және халықаралық конференцияға қатысты.

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері түрлі тақырыптарға 70 оқу-әдістемелік басылым әзірлеп, басып шығарды:

- «Мұғалімге көмек»
- «Мектеп басшысына көмек»
- «Халықаралық тәжірибе»
- «Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту».

Біліктілікті арттыру бағдарламалары тыңдаушыларының кәсіби біліктілік деңгейі көтерілді, бүкіл елде мұғалімдерге тиімді қолдау көрсетіліп жатыр. Бұл тренерлерді үздіксіз оқытудың тиімділігін дәлелдейді.

«Білім берудегі инновациялық ойлау» мастер-классы (2018 жылдың мамыр айы)



ПШО-ның ұжымы стратегиялық ойлау бойынша кеңесші, Стратегиялық консалтинг орталығының басқарушы серіктесі, бизнес-тренер Аркадий Цукердің «Білімдегі инновациялық ойлау» тақырыбындағы мастер-классына қатысты.

Аркадий Цукер өз баяндамасында білім берудегі қазіргі заманғы үрдістерді атап өтті. Олардың қатарына ол жаһандануды, цифрлық ақпараттық қоғамның шынайылығын, «мінсіз нысан» ұғымының жойылуы, экономиканың жаңа формасына көшуді, технологиялық прогрестің қарқынды дамуын, еңбек нарығының жаһандық трансформациясын және реверсивтік білім беруді жатқызды. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Chevron компаниясы және «Ренессанс» агенттігі ұйымдастырды.

«Мектепте Lesson Study зерттеуін ұйымдастыру» семинары (2018 жылдың қазан-қараша айы)



2018 жылы ПШО ресейлік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері үшін екі семинар ұйымдастырып, өткізді: Тольятти қаласындағы «Мектеп» білім беру орталығы және Барнаул қаласындағы Алтай өңірлік даму институты.

Мұғалімдер ПШО тренерлерінің басшылығымен өздерінің сабақ зерттеулерін жоспарлады, әртүрлі жағдайларды модельдеді, сабақ беру практикасын зерттеу сұрақтарын құрастырды, бақылау нысандарын және сабақты талдау әдістерін әзірледі. Дифференциация, тереңдетілген педагогика және сабақ мақсаттарын белгілеудің аспектілері ерекше қызығушылық тудырды. (Қатысушылар – тренерлер, Байгаринова Ж., Идришева З., Мукутов Т., Астана қаласындағы Орталық Аппарат, Марченко Е., Өскемен қаласындағы филиал, Айдарханова И., Павлодар қаласындағы филиал.)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ҚАТЫСУ

«Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» ЭЫДҰ жобасы

2018 жылы ДББҮ «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» (бұдан әрі – Жоба) ЭЫДҰ жобасының Қазақстандық Ұлттық үйлестірушісі ретінде жұмысын жалғастырды. Есепті жылда Жобаға қатысушылар жобаның негізгі тұжырымдамаларын әзірлеуді аяқтады, сауаттылықтың базалық түрлері анықталды, келесі бағыттар бойынша жалпы түсінік берілген:

- оқу бағдарламаларын жалпы салыстырмалы талдау (ССМ);
- дене шынықтыру куррикулумын тереңдетіп талдау;
- математика бойынша құжаттар мен оқу бағдарламаларын тереңдетіп талдау (MCDA);
- білім беру мазмұнын жаңарту бойынша сауалнама толтыру (PQC);
- ЭЫДҰ Хатшылығы үшін бейнероликтерді дайындау;
- «Білім мен дағдылар» жұмыс тобының ісіне қатысу;
- бейресми жұмыс топтарының кездесулері.

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде пән мамандары «жылу карталарын» толтырып, оқу бағдарламаларына жалпы салыстырмалы талдау (ЖСТ) жүргізді. Жылу карталарында негізгі тақырыптар/бөлімдер және болашақта табысты өмір сүруге қажетті құзыреттіліктер тізімі бар. Жобаның негізгі құжаты болып табылатын және білім беру саласындағы әлемнің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған «Тұжырымдамалық шеңберде – 2030» сол құзыреттіліктер келтірілген. Бұл құжат ЭЫДҰ сарапшыларымен қатысушы елдердің өкілдерімен ынтымақтастықта 2 жыл ішінде (Жоба жұмысы басталған сәттен бастап) әзірленді.

Оқу бағдарламаларын жалпы салғастырмалы талдаудың алдын-ала нәтижелеріне сәйкес, ҚР білім берудің жаңартылған мазмұнына енгізілген негізгі құзыреттіліктер: сыни

ойлау (69 %), проблемаларды шешу (67 %), деректермен жұмыс істеу сауаттылығы (66 %), әрекет (61 %) және болжау (59%). Кәсіпкерлік пен қаржылық сауаттылық куррикулумда басқалардан азырақ кездеседі. Оқу бағдарламаларын жалпы салыстырмалы талдауға қатысты ЭЫДҰ сарапшыларымен бірлескен жұмыс жалғасуда.

Оқу бағдарламаларын салыстырмалы талдау нәтижелерін хатшылық 2019 жылы ұсынатын болады. Бұл нәтижелер Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде әзірленген оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын сыртқы сараптаудың бағалы көзі болып табылады.

Дене тәрбиесі бойынша куррикулумға терең талдау жасау барысында мынадай шаралар жүзеге асырылды: ДББҮ 3 вебинарға қатысты, ЭЫДҰ Хатшылығы үшін есептердің сериясы дайындалды, осы пән бойынша оқу бағдарламаларымен талдамалық жұмыс жалғастырылды. Куррикулум талдауының қорытындысына сәйкес, Хатшылық барлық қатысушы елдердің дене тәрбиесі бойынша алдын ала есебін дайындады. Талдауға 18 ел/юрисдикция қатысты.

ЭЫДҰ хатшылығының талдауына сәйкес, «Дене тәрбиесі» пәні бойынша қазақстандық куррикулумның негізгі мақсаттары: негізгі қимыл дағдыларын дамыту, дене саулығын қамтамасыз ету, денсаулықты сақтау және балалардың физикалық белсенді өмір салтын ұйымдастыруға және қолдауға болысу. Қазақстан – дұрыс тамақтануды мақсат ететін талдауға қатысушы 10 елдің бірі, бірақ осы тақырып бойынша ҚР куррикулумының мазмұнының үлесі салыстырмалы аз. Аурулардың алдын алу ісі дене тәрбиесінің мақсаты ретінде тек Қытайда қойылған. Негізгі мектептегі бірнеше тақырыптарды қоспағанда, Қазақстанда дене тәрбиесі бойынша білім мазмұнында «Би» және «Ырғақтық қозғалыс» бөлімдері жоқ деуге болады.

«Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» ЭЫДҰ жобасының бөлімдерінің бірі «Математикаға» арналған. Осы бағытта математика бойынша құжаттар мен оқу бағдарламаларына терең талдау жүргізу жоспарлануда, нәтижесінде есеп жасалады. 2018 жылы талдауды жүзеге асыру үшін дайындық жұмыстары ұйымдастырылды: әр елден сарапшылардың жұмыс тобы құрылды, ДББҮ тренингтер мен вебинарларға қатысты.

Жұмыстың алдыңғы жылдарында Жобаға қатысушылар елдің орта білім беру жүйесінің жалпы жағдайы туралы сауалнаманы толтырды. 2018 жылы ДББҮ қызметкерлері білім беру мазмұнын жаңарту бойынша қосымша сауалнама толтырды. Талдауға 30 ел қатысты. ЭЫДҰ сарапшыларының сауалнама материалдарын өңдеу жұмысы қатысушы

елдердің куррикулумға байланысты жалпы мәселелерін көрсетті: шамадан тыс жүктелуі, оқушылардың болашақ қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі, икемділік пен дербестіктің жеткіліксіздігі, куррикулумдағы инновация арқылы оқушылардың теңдігін қамтамасыз ету, куррикулумға құндылықтарды енгізу.

ЭЫДҰ хатшылығының сауалнама бойынша қорытынды есебінде куррикулумға байланысты ұсынымдар берілген.

1. Куррикулумды әзірлеу және қайта қарау кезінде келесі қағидаттарды ұстану қажет: бірізділікті сақтау, жеткілікті күрделілікті, фокусты, идеялар мен тұжырымдамалардың төзімділігін, икемділікті, пәнаралық байланысты қамтамасыз ету, оқушыларға тақырыптар мен жобаларды таңдау мүмкіндігін беру. Куррикулум мазмұны, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және оқыту әдістемесі – осы үшеуін сәйкестікке келтіру өте маңызды болып табылады.

2. Куррикулумның шамадан тыс жүктелу мәселесі эпистемиялық білімнің, яғни қандай да бір заттың нақты өмірдегі мәселені шешуге қалай ықпал ететіні туралы білімнің көмегімен шешілуі мүмкін. Куррикулумға эпистемиялық білімді енгізу үшін ЭЫДҰ хатшылығы түрлі тәсілдерді ұсынады: білімнің нақты өмірмен байланысын қамтамасыз ету, әртүрлі пәндік салаларға сәйкес келетін ойлау типтерін дамыту және т. б. Тағы бір шешім «үлкен идеялар» мен егжей-тегжейлі пәндік мазмұн арасындағы тепе-теңдікті сақтау болып табылады.

3. Куррикулумдағы оқыту мақсаттарының айқын тұжырымдалуы да маңызды. Көптеген елдер оқушылардың жеке дамуы мен елдің әлеуметтік капиталын дамыту арасындағы тепе-теңдікті табуға ұмтылады. Бірқатар елдерде адам тұлғасының жан-жақты дамуына баса назар аударылады. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау немесе инклюзивті білім беру сияқты қоғамның өзекті мәселелері де оқыту мақсаттарына айналады.

Жоба идеяларын іске асыру жұмысына шолу жасау үшін 2018 жылы әр елдің мұғалімдері мен оқушылары ЭЫДҰ Хатшылығы үшін бейнероликтер жасауға қатысты. Қазақстаннан Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері мен оқушылары қатысты.

Бейнероликтер мен баяндамаларды жасаудың мақсаты: оқушыларға 2030 жылы өмір сүргісі келетін әлемнің тұрақты дамуы туралы өзінің айқын ұстанымын және көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру, мұғалімдерді болашақта табысты өмір сүруге қажетті құзыреттіліктер мен дағдыларды дамыту тәжірибесімен бөлісуге ынталандыру. 20 Зияткерлік мектептен жалпы 48 бейнеролик дайындалды: мұғалімдерден 25 бейне және оқушылардан 23 бейне. Хатшылыққа

жіберу үшін 20 бейнеролик іріктелді: 10 – мұғалімдерден және 10 – оқушылардан. 2018 жылдың желтоқсан айында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері ЭЫДҰ сарапшыларынан кері байланыс алды. ЭЫДҰ хатшылығы Астана қ. ІВ мектебінің мұғалімі З. Сәрсекееваның цифрлық сауаттылықты дамыту туралы ролігін вебинарды өткізу кезінде мысалға келтіріп, бағалады.

Жоба идеяларын тарату мақсатында ҚР жетекші мектептерін бейнероликтер жасаудың келесі кезеңіне шақыру жоспарлануда.

Жобаның негізгі бағыттарымен қатар қатысушы елдердің өкілдері 9 бағыт бойынша тұжырымдамаларды әзірлеумен және дамытумен айналысатын тақырыптық топтарда жұмыс істейді. ДББҰ қызметкерлері «Білім мен дағдылар» және «Тұжырымдамаларды талдау» тақырыптық жұмыс топтарының жұмысына, осы топтардың вебинарларына қатысты, хатшылық жоба құжаттарында жариялаған негізгі тұжырымдамаларға әдеби шолу дайындады.

Қашықтық жұмыстарынан басқа, ДББҰ өкілдері есепті жылында 30 қатысушы елдермен бірге Париж қаласында (Франция) өткен жұмыс тобының 2 кездесуіне қатысты.

Жобаға қатысу нәтижелері бойынша екінші брошюра дайындалды, онда ЭЫДҰ-ның «Білім беру-2030» концептуалды оқыту шеңберін дамыту туралы есебі, негізгі ақпараттық материалдар, ЭЫДҰ сарапшыларының «Куррикулумның артта қалуы және білім берудегі технологиялар» аты екі тілде жазылған мақаласы қамтылған. Сондай-ақ ДББҰ қызметкерлері ЭЫДҰ хатшылығының 2018 жылдың ақпан айында жарияланған жобаның негізгі идеялары туралы мақаласының бірлескен авторлары болды.

ДББҰ-ның «Болашақ мектебі» атты Х Халықаралық конференциясына ЭЫДҰ-ның дене саулығы жөніндегі сарапшысы, спорт ғылымы мен дене тәрбиесі халықаралық кеңесінің өкілі – Ричард Бэйли докторы шақырылды.

«Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» ЭЫДҰ жобасы ДББҰ-ға білім беру бағдарламаларын әзірлеудегі және білім беру мазмұнын жаңартудағы негізгі беталыстар бойынша хабардар болу, куррикулумды қайта қарау және енгізу стратегиялары мен мәселелерін халықаралық деңгейде талқылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жоба Қазақстандағы білім беру бағдарламасын реформалау үдерісін білім беру саласындағы көшбасшы болыптабылатын елдердегі осындай реформаларымен салыстыруға мүмкіндік береді.

Зияткерлік мектептердің халықаралық ынтымақтастығында ЮНЕСКО-мен және БҰҰ даму бағдарламаларымен ынтымақтастығы басым болып табылады. Зияткерлік мектептер, посткеңестік кеңістіктегі бірегей білім беру жобасы ретінде, Финляндия, Оңтүстік Корея, Малайзия, Әзірбайжан және басқа да елдердің білім және ғылым министрліктерімен жоғары бағаланды.

Ресейлік білім беру орталықтарымен белсенді ынтымақтастық жолға қойылған, атап айтқанда М. Ломоносов атындағы ММУ-нің мамандандырылған оқу-ғылыми орталығымен мектеп серіктестігі бағдарламасы жұмыс істейді.



2018 жылдың қазан айында Астана қаласында Каунас біліктілікті арттыру орталығының делегациясымен (Литва Республикасы) кездесу өтті. Кездесу барысында Каунас мұғалімдердің біліктілігін арттыру орталығымен ынтымақтастық қатынастар туралы меморандумға қол қойылды.

Сапар барысында Каунас қаласының жетекші лицей, гимназия және прогимназия басшылары Зияткерлік мектептердің білім беру жүйесімен, ПШО қызметінің негізгі бағыттарымен танысты: қазақстандық педагогтардың біліктілігін арттыру үшін әзірленген инновациялық бағдарламалардың ерекшеліктерімен, мұғалімдерді әдістемелік және ресурстық қолдау жүйесімен, педагогтарды бағалау және курстан кейінгі қолдау және мониторинг үдерісінің негізгі сәттерімен.

Франция Елшілігімен өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды, оның мақсаты білім беру саласындағы қазақстан-француз ынтымақтастығын кеңейту болып табылады. Зияткерлік мектептерде француз тілін үйрену және Францияның мұғалімдерін шақыру, DELF/DALF дипломдарын алу мақсатында емтихан тапсыру ұйымдастырылады. Меморандумға сәйкес «Әріптестік мектептер» жобасы аясында ынтымақтастықты кеңейту және

НЗМ базасында француз тілін оқыту бойынша Жазғы мектептерді құру жоспарлануда. Ғылыми бағытта бірлесіп жұмыс істеу көзделіп отыр: STEM-оқытуды дамыту, оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау үшін сарапшыларды шақыру, семинарларды, курстарды, конференцияларды және ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесіп ұйымдастыру.

Астанаға бірнеше рет Саха Республикасы және Татарстан Республикасының Білім және ғылым министрліктерінің делегациялары, Ресей Федерациясының Мәскеу мектептерінің директорларының делегациясы келді, олардың халықаралық аккредитациялаудан өту мен жаңартылған заманауи білім беру моделін кіріктіру бойынша қазақстандық тәжірибемен танысуда қызығушылығы бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

ДББҰ тәжірибесін тарату қазақстандық білім беру жүйесіндегі дамудың жаңа кезеңіне айналды, ол айрықша мүлдем жаңа тұжырымдамалық көзқарас қалыптастыру, білім мазмұнын бағалау, оқыту барысын ұйымдастыру, қазіргі заманғы әдістер мен оқыту технологиясын пайдалану, ол белгілі бір білім қаоры қалыптасқан абстрактылы оқушыға бағытталған емес, ол нақты оқушыға, патриот және болашақта сұранысқа ие кәсіби маманға бағытталған.

Бұдан басқа, 20 Зияткерлік мектеп аймақтардағы жалпы білім беретін мектептерге әдістемелік қолдау көрсетуді жалғастырады, оның ішінде «жасыл экономикаға» байланысты жаңа әзірлемелер саласында тәжірибені трансляциялау бойынша, және экологиялық білім беру және мектептердің оқу процесінде энергия тиімді технологиялар бойынша.

Болашақ меморандумдар шеңберінде ДББҰ келесі нәрселерді көздейді:

1. 2023 жылға дейін 2 000 жетекші мектеп желісін құру (олар арқылы оқытудағы инновациялық әдістеме мен технологиялар таратылатын болады, және бұларды үздік педагогикалық тәжірибелер шоғырландырылады), олардың негізінде ДББҰ-мен бірге білім берудегі жаңартпаларды тарататын бастауыш мектеп мұғалімдерінің, пән мұғалімдерінің және басқа да қоғамдастықтардың басшылардың желілік қауымдастығы құрылатын болады;

2. аймақтарда жалпы білім беретін мектептердің педагогтарына арналған 214 ашық алаң құру (облыстық, аудандық, қалалық білім беру бөлімдері жанындағы қолданыстағы әдістемелік кабинеттер негізінде);

3. жоғары оқу орындарымен (педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру үшін) және колледждермен (бір жұмыс кәсібін ұсына отырып кәсіби-бағытталған білім беру бағдарламасын әзірлеу және ЖОО-да оқуды жалғастыру мүмкіндігі үшін) жобалау топтарын құру;

4. педагогтарды сертификаттау, жалпы білім беретін мектептерді тіркеу мәселелері және Қазақстан Республикасында орта білім беру саласындағы басқа да мәселелер бойынша жұмысты жалғастыру.

«Жаңа дәуір мектебі»**X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға
сарапшының пікірі****1. Үйлесімділікті сақтау және
оқулықтардың маңыздылығы**

Оқу жоспарының үйлесімділігі жоғары сапалы білім беру жүйесінің дәлелденген ерекшелігі болып табылады (Schmidt, 2002). TIMSS және PISA нәтижелерімен дәлелденген Шмидттің еңбегінде оқыту тәсілдері, білім беру мазмұнының сипаттамалары мен оқу материалдарының үйлесімділігінің маңыздылығы көрсетілген. Кембридж бұл модельді білім беру жүйесінің негізгі факторларының (қаржыландыру, оқыту, бағалау және т.б.) үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін қолданды. Бұл Халықаралық салыстыруларға Кембридждің көзқарасы деген құжатта егжей-тегжейлі сипатталған. Бір немесе бірнеше пәндерді, мысалы, математиканы оқу жоспары мен оқу жүйесін толықтай реформаламай дамытуға болады, бірақ «оқу бағдарламасының үйлесімділігі» әрбір пәннің маңызды ерекшелігі болып табылады. Оқулықтардың маңыздылығы біздің және басқа ұйымдардың зерттеулерінің нәтижесінде мәлім болды – мұғалімдер әлсіз немесе жаңа талаптарға сай келмеген жағдайда, жоғары сапалы оқулықтар оқытудың және білім беру стандарттарының сапасын қамтамасыз етуге ықпалын тигізу мүмкін.

**2. Ұлттық мұра – білім беру
жүйесіндегі Қазақстанның
байлығы**

Назарбаев Зияткерлік мектептері педагогика саласында жоғары сапалы жұмыс жүргізді, білім берудің мазмұнына және бағалауға көңіл бөлінді. Зияткерлік мектептерде әзірленген жаңа әрі тиімді тәсілдер жалпы білім беретін мектептерге таратылуы жөн. Сонымен қатар қазіргі білім беру жүйесінің күшті жақтарына көңіл аударып, оларды одан әрі нығайту керек. Оқу үдерісінде оқулықтарды белсенді түрде қолдану артықшылық; Зияткерлік мектептер жүзеге асырған жобалардың аясында әзірленген жаңа оқулықтар тәжірибені таратуға және оқытудағы жаңа тәсілдерді енгізуге ықпалын тигізеді. Халықаралық зерттеулерге сәйкес математика пәнінен Қазақстанның көрсеткіштері жоғары. Бұны ескеру жөн – көрсеткіштерді негізге ала отырып, инновацияларды дамыту керек. Қазақстанда көптеген жылдар бойы жүзеге асырылған математика пәнінен оқу бағдарламасының маңызды ерекшелігі – оның математиканы жай ғана қолдануға емес, оны түсінуді қамтамасыз етуі. Осы ерекшеліктен айырылмай, оны негізге алып, одан әрі дамыту керек.

3. ХАБ мектептер

Англияда Математика пәнін оқытудың жаңа жоғары сапалы тәсілдерінің Ұлыбританияның жер-жерлерінде орналасқан 36 «ХАБ» мектебінің арқасында өте табысты болды. Қазіргі уақытта Англиядағы 22 000 мектептің 11 000-мен тығыз қарым қатынаста. Бұл модель жаңа педагогикалық тәсілдерді дұрыс және тиімді түрде таратуға, келісілген модельдердің дұрыс пайдалануын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қиын жағдайға мектептерді қолдауға мүмкіндік береді.

4. Мақсаттар мен негізге алынған модельдер және мұғалімдердің біліктілігін арттырудың маңыздылығы

Біздің ғаламдық зерттеулеріміз мұғалімдердің жаңа тәсілдерге негізделген мақсаттар мен негізге алынған педагогикалық модельдерді түсінуінің маңыздылығын дәлелдеді. Жаңа тәсілдерді жай ғана қағазға басып шығарып, тарату жеткіліксіз. Мұғалімдер жаңа тәсілдердің мақсаттарын немесе негізге алынған қағидаттарды түсінбесе, олардың жаңа тәсілдерді жүзеге асыруға ынтасы болмайды немесе оларды түсінбей-ақ жүзеге асады немесе екеуі де. Мақсаттар мен модельдерді түсіндіруге уақыт бөліп, күш-жігер салу керек. Ол үшін қарым-қатынас орнату ғана емес, мұғалімдердің біліктілігін тиісті әрі жүйелі түрде арттыру қажет.

5. Стандарттар және бағалау

Кез-келген реформа үшін тақырыптар мен пән салаларын меңгеру тереңдігін көрсетіп отырып, күтілетін стандарттарды белгілеу маңызды болып табылады. Швецияда реформа жүргізген кезде осыған назар аудармады, ал енді оның маңыздылығы анық көрініп отыр, Швеция үкіметі шара қолдана бастады.

6. Деректер және бағалау

Реформа жүргізудің тиімділігі нақты бағалау жүргізілген кезде ғана көрінеді. Деректерді айқын түрде жинап, дәйекті әрі тиімді түрде талдау және түсіндіру керек.

Тим ОутсCambridge Assessment
Зерттеу және бағалау
Департаментінің директоры

Анықтама: Cambridge Assessment – Кембридж университетінің емтихан материалдары жөніндегі жергілікті синдикаты, Кембридж университетінің департаменті, коммерциялық емес ұйым.

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

Теруге 19.03.2019. берілді. Басуға 22.03.2019. қол қойылды.

Пішімі 84х108/6. Кеңсе қағаз 80 гр/м2. Сандық басылыс.

Шартты б. т.25 . Таралымы --- дана. Тапсырыс № --

«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.

e-mail: info@cpm.kz, тел.: +7 (7172) 23-57-49